

Тұрғындардың талап-тілегі таразыланды



2-бет

Бизнеске талант керек пе?



6-бет

Жүректерді жақындатқан Құрбан айт



8-бет

Құрметті жас достар, қадірлі ата-аналар!

Сіздерді Халықаралық Балаларды қорғау күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Бұл күн бізге өскелең ұрпақ үшін жауапкершілік танытып, олардың үйлесімді дамуы, білім алуы мен балалық шақ кезеңінде алаңсыз өсулері үшін тиісті жағдай жасау қажеттігін есімізге салады. Балаларға қамқорлық жасау, олардың құқықтары мен мүдделерін қорғау біздің қоғамның маңызды міндеттерінің бірі.

Жас ұрпақ – біздің болашағымыз, мақтанышымыз және үкілеген үмітіміз. Олардың дұрыс тәрбие алып, болашақта ел ертеңіне жауап беретін азамат болып өсулері үшін біз отбасылық құндылықтарды нығайтып, жастарымыздың сапалы білім алуына, дендерінің сау болуына бағытталған қажетті шараларды іске асырып жатырмыз.

Құрметті ата-аналар, бұл міндеттердің барлығын біз бірлесе отырып шеше аламыз. Сонда ғана ертеңгі күні отанымыз, қайраткер, білімді жастарымыз еліміздің іргесін берік етіп, шаңырағымызды биік ұстап тұра алады. Осынау мерекеге орай әр шаңыраққа бақ-береке, ынтымақ тілейміз. Мерекелеріңізбен!

Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,
Қарағанды облысының әкімі

Нұркен КОБЖАНОВ,
Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы

• 1 МАУСЫМ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІ

Жұмыр жердің жұдырықтай тұрғыны

Қазақстанда бүгінде 6,9 миллионға жуық бала бар. Бұл – ел халқының үштен бірінен астамы. Олардың денсаулығы, білімі, қауіпсіздігі мен бақытты балалық шағы – мемлекеттің басты басымдығының бірі. 1 маусым – Халықаралық Балаларды қорғау күні осы міндеттердің маңызын тағы бір мәрте айқындай түседі.



Бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру, отансүйгіштікке тәрбиелеу, отбасы институтының маңызын арттыру және рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру. Бұл бастама балалардың тек білім алып қана қоймай, қоғамға пайдалы азамат болып қалыптасуына ықпал етеді.

Балалардың денсаулығын сақтау мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету де маңызды міндеттің бірі. Елде ана мен бала денсаулығын қорғауға бағытталған бағдарламалар жүзеге асырылып, медициналық көмектің қолжетімділігі артып келеді. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар үшін инклюзивті орта қалыптастыру жұмыстары да қарқын алуда. Нәтижесінде олардың білім алуына және қоғам өміріне белсенді араласуына мүмкіндік кенейеде.

Жазғы демалыс кезеңінде балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мәселесі де назардан тыс қалмайды. Биыл республика бойынша жүздеген мың оқушы жазғы сауықтыру лагерлерімен, туристік және танымдық экскурсиялармен, шығармашылық және спорттық үйірмелермен қамтылады. Бұл балалардың денсаулығын нығайтып қана қоймай, олардың жаңа достар тауып, қызығушылықтарын дамытуына жол ашады. Қазіргі таңда балалар тәрбиесіне қатысты жаңа міндеттердің бірі – цифрлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Интернет пен әлеуметтік желілердің ықпалы күшейген заманда балаларды кибербуллингтен қорғау, ақпараттық сауаттылықты арттыру және қауіпсіз интернет мәдениетін қалыптастыру өзекті мәселеге айналып отыр. Сондықтан, бұл бағыттағы жұмыстарға ата-аналар, мұғалімдер және қоғам өкілдері бірлесе аталысуы қажет.

Халықаралық балаларды қорғау күні – балаларға сыйлық беріп, мерекелік шаралар өткізумен ғана шектелмейді. Бұл күн әрбір ересек адамға бала тағдырына жауапкершілікпен қараудың маңызын еске салады. Себебі бүгінгі балдырғандар – ертеңгі елдің тірегі, мемлекет дамуының басты қозғаушы күші. Балалардың жақын болашағы – тәуелсіз Қазақстанның табысты келешегінің кепілі. Баланың күлкісі үзілмеген жерде ғана болашаққа деген сенім нық болады.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бала – мемлекеттің ең басты байлығы. Бүгінде елімізде балаларды қолдауға арналған көптеген бағдарламалар мен жобалар жүзеге асырылып келеді. Олардың қатарында жаңа мектептер салу, инклюзивті білім беруді дамыту, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, шығармашылық және спорттық қабілеттерін шыңдауға бағытталған бастамалар жеткілікті.

Ресми мәліметтерге сүйенсек, Қа-

зақстанда соңғы он жыл ішінде балалар саны 1,5 миллион адамға артқан. Демографиялық өсімнің тұрақтылығы мемлекет үшін балалардың сапалы өмір сүруіне қолайлы жағдай жасаудың маңызын арттыра түседі. Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес, 2025 жылы елімізде 335 мың сәби дүниеге келген. Оның 51,5 пайызы – ұл бала болса, 48,5 пайызы – қыз балалар. Туған нәрестелердің 61,2 пайызы қалалық жерлерде өмірге келген. Ал, туу көрсеткіші бойынша Түркістан облысы көш бастап тұр. Бұл көрсеткіштер еліміздің демографиялық әлеуетінің жоғары екенін аңғартады.

Балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасау мақсатында мемлекет тарапынан білім беру жүйесіне ерекше көңіл бөлінуде. Соңғы жылдары елімізде жаңа мектептер салынып, білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасы жаңартылуда. «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында заманауи білім беру мекемелерін ашу арқылы оқушыларға қолайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыру көзделген. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы жүзеге асырылып келеді. Бағдарламаның негізгі мақсаты – өскелең ұрпақтың

Еңбек нарығының екінші тынысы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ерекше қажеттілігі бар азаматтарға тең мүмкіндік жасау мәселесін бірнеше рет көтеріп, инклюзивті қоғам құруды әлеуметтік саясаттың маңызды бағыты ретінде айқындағаны баршаға мәлім. Бұл міндет өңірлерде нақты іспен жалғасуы тиіс. Яғни, мүгедектігі бар азаматтарға қолайлы орта қалыптастыру, жұмыс берушілерді ынталандыру, кәсіби бейімдеу және тұрақты жұмысқа орналасуына жағдай жасау – бүгінгі күннің басты талабы. Осы тұрғыдан алғанда, Қарағанды облысындағы соңғы үш жылдық көрсеткіштер еңбек нарығында инклюзивті мүмкіндіктердің біртіндеп кеңейіп келе жатқанын аңғартады. 2023-2025 жылдары өңірде мүгедектігі бар 5 814 адам жұмыспен қамту шараларымен қамтылып, оның 3 810-ы нақты жұмысқа орналастырылды.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жұмысқа апарар жол

Бұл бағыттағы жұмыс – ең алдымен, жүйелі қолдау шараларымен сабақтас. Облыста мүгедектігі бар азаматтарды еңбекке тарту бір ғана тетікпен шектелмесе керек. Бірі бос жұмыс орындарына жолданса, енді бірі субсидияланатын жұмыс орындары арқылы еңбек дағдысын қалыптастырады. Кейбірі қысқа мерзімді оқуға қатысып, жаңа кәсіп игереді. Өз ісін бастауға ниетті азаматтарға грант беру, кәсіпкерлік негіздеріне оқыту, арнайы жұмыс орындарын ашу сияқты шаралар да

осы жүйенің құрамдас бөлігі.

Қарағанды облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының әлеуметтік мекемелер қызметін үйлестіру бөлімінің бас маманы Нұркен Әшімхановтың айтуынша, халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі – мүгедектігі бар адамдарды еңбек нарығына бейімдеу.

– Мүгедектігі бар азаматтарды жұмыспен қамтуда басты мақсат – оның мүмкіндігіне, денсаулық жағдайына, кәсіби қабілетіне сай келетін еңбек ортасын қалыптастыру. Сондықтан, бұл жұмыс бірнеше бағытта жүргізіледі. 2023-2025



жылдары өңірде мүгедектігі бар 5 814 адам жұмыспен қамтылған. Соның ішінде 3 810 адам нақты жұмысқа орналастырылды. Жылдар бөлінісінде қарасақ, 2023 жылы 2 285 адам қамтылып, 1 117 адам жұмысқа тұрса, 2024 жылы 1 659 адам қамтылып, 1 318 адам еңбекке араласқан.

Ал, былтыр 870 адам қамтылып, 1 375 адам жұмысқа орналасты, – дейді Нұркен Әшімханов.

Жұмысқа орналастыру арналары да әртүрлі. Үш жыл ішінде 1 855 адам бос жұмыс орындарына жіберілсе, 1 559 адам субсидияланатын жұмыс орындарына



орналастырылды. Оның ішінде 55 адам әлеуметтік жұмыс орындарына, 963 адам қоғамдық жұмыстарға, 74 адам жастар практикасына қатысты. Бұдан бөлек, «Күміс жас» жобасы арқылы 392 адам, «Алғашқы жұмыс орны» жобасы арқылы 38 адам, «Ұрпақтар келісімшарты» жобасы арқылы 3 адам еңбекке тартылды. 2025 жылы іске асқан «Алтын жас» жобасына 34 адам қатысқан.

Мұндағы маңызды мәселе – мүгедектігі бар адамдардың бәрине бірдей тұрақты жұмыс ұсыну мүмкін емес. Бір азаматқа тұрақты бос жұмыс орны қолайлы болса, екіншісіне алдымен бейімдеу, үшіншісіне қысқа мерзімді оқыту, төртіншісіне икемді жұмыс кестесі қажет болуы мүмкін. Сондықтан, жұмыспен қамту шаралары адамның жасына, кәсіби даярлығына, денсаулық жағдайына және еңбек ету мүмкіндігіне қарай сараланады.

► 3-бет

Тұрғындардың талап-тілегі таразыланды



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың азаматтарды жеке қабылдауы өңір тұрғындарының өзекті мәселелерін талқылайтын маңызды қоғамдық алаңға айналып келеді. Мұндай кездесулер халық пен билік арасындағы ашық диалогты нығайтып қана қоймай, тұрғындарды толғандырған түйткілдердің нақты шешімін табуына мүмкіндік береді. Кезекті қабылдау барысында облыстың қала және ауыл тұрғындары әлеуметтік, коммуналдық және инфрақұрылымдық мәселелерге қатысты ұсыныс-пікірлері мен өтініштерін жеткізді.



Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Қабылдауға келген азаматтар абаттандыру, тұрғын үй қорын жөндеу, жұмыспен қамту, әлеуметтік қолдау шаралары, жол инфрақұрылымы және баспана мәселелерін көтерді. Әр тұрғынның мәселесі мұқият тыңдалып, тиісті мемлекеттік органдар мен жауапты сала басшыларының қатысуымен талқыланды.

Кездесу барысында қаланың Пришахтинск және Михайловка бөлігіндегі зираттарға апаратын жолдардың жай-күйі мен аумақты абаттандыру мәселесі де қозғал-

ды. Қарағандылық тұрғындардың бірі жол бойында көлік қозғалысы кезінде көтерілетін шаңның шамадан тыс көптігіне шағымданып, бұл мәселенің тұрғындарға қолайсыздық тудырып отырғанын жеткізді. Әсіресе, жаз мезгілінде жол бойындағы шаң-тозаңның тұрғындардың денсаулығына әсер етіп, көлік қозғалысына да кедергі келтіретіні айтылды.

Қалалық әкімдік өкілдерінің мәліметінше, Пришахтинск аумағындағы аталған жол учаскесінде алдағы бір ай көлемінде қиыршық тас төсеу арқылы жолды нығайту жұмыстары жүргізіледі. Ал, Михайловка аумағында жаз

мезгілінде фрезерленген асфальт төсеу жоспарланған. Бұл жұмыстар жол сапасын жақсартып, шаңды азайтуға мүмкіндік береді деп күтілуде.

Қабылдау барысында Қарағандыдағы С.Сейфуллин көшесінде орналасқан көпқабатты тұрғын үйдің жай-күйі де назардан тыс қалмады. Аталған үйдің тұрғындары ғимараттың шатыры мен қасбетін жөндеуге көмек көрсетуді сұрады. Тұрғындардың айтуынша, көп жылдан бері жөндеу көрмеген үйдің тозығы жетіп, әсіресе жауын-шашын кезінде шатырдан су ағу мәселесі жиілеп, бұдан бөлек, қасбеттің ескіруі тұрғын-

дардың қауіпсіздігіне де әсер ете бастаған.

Кездесу кезінде бұл үйде негізінен зейнеткерлер мен әлеуметтік осал санаттағы азаматтар тұратыны баса айтылды. Осыны ескерген облыс әкімі жауапты сала өкілдеріне мәселені бақылауға алуды тапсырды. Қалалық әкімдік өкілдері өз кезегінде аталған тұрғын үйдегі жөндеу жұмыстары биылғы жылдың жоспарына енгізілгенін хабарлады.

Сонымен бірге, Шет ауданына қарасты Ақадыр кентінің тұрғыны елдімекендегі көше жарығы мен жол инфрақұрылымына қатысты мәселелерді көтерді. Оның айтуынша, кейбір көшелерде жарықтың жеткіліксіздігі тұрғындарға қолайсыздық туғызууда. Әсіресе, кешкі уақытта жаяу жүргіншілер үшін қауіпсіздік мәселесі өзекті болып отыр.

Тұрғын сондай-ақ, кенттегі жаяу жүргіншілер жолының сапасыздығына қатысты наразылығын білдірді. Кейбір учаскелерде плиткалардың қисайып, жарамсыз күйге түсе бастағаны айтылды. Одан бөлек, қабылдау барысында газ баллондарын пайдалану қауіпсіздігі мәселесі де көтерілді. Тұрғындар бұл бағыттағы бақылауды күшейтіп, қауіпсіздік талаптарының қатаң сақталуын қамтамасыз ету қажеттігін жеткізді.

Қабылдау соңында Ермағанбет Бөлекпаев барлық көтерілген мәселелер бойынша тиісті салалық басқармалар мен қала-аудан әкімдіктеріне нақты тапсырмалар жүктелді. Аймақ басшысы әрбір тұрғынның мәселесі назардан тыс қалмайтынын айтып, өтініштердің қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес жеке тәртіпте қаралатынын атап өтті.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ВИЦЕ-МИНИСТРДІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Қарағанды кәсіпкерлерінің талабы не?

Салық, мемлекеттік сатып алу және субсидия, бизнестің өзекті мәселелері ашық айтылды. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика вице-министрі Ерлан Сағынаев жұмыс сапарымен Қарағанды облысына жұмыс сапарымен келіп, өңір кәсіпкерлерімен және Кәсіпкерлер палатасы Өңірлік кеңесінің мүшелерімен кездесті.



Қарағанды облысы әкімдігі алаңында өткен кездесуде өңірдегі кәсіпкерлік ахуалы мен бизнесті қолдау тетіктері кеңінен талқыланды. Жиынды ашқан Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Ермек Алпысов кәсіпкерлік дамуы өңірлік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі екенін атап өтті.

Оның айтуынша, қазіргі таңда облыста бизнеске түсетін әкімшілік және салықтық қысымды азайту бағытында нақты жұмыстар жүргізілуде. Соның бірі – 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап, оңайлатылған декларация негізіндегі арнайы салық режимінің мөлшерлемесін 4 пайыздан 2 пайызға дейін төмендету туралы шешім.

Ерлан Сағынаев Үкімет үшін кәсіпкерлердің нақты мәселелерін тыңдау маңызды екенін айтты.

– Біз үшін тек қолдау шараларын әзірлеу ғана емес, бизнестің

нақты сұраныстарын есту маңызды. Көптеген мәселе заңнаманы жетілдіруді жеке мемлекеттік органдардың жедел әрекет етуін талап етеді, – деді Ерлан Сағынаев.

Талқылауда негізгі тақырыптардың бірі – салықтық әкімшілендіру. Өнеркәсіп саласының өкілдері сатып алу рәсімдеріне нақты өндірісшілердің қатысуын бақылауды күшейту, сондай-ақ, отандық тауар өндірісіне және салықтық қысымды азайту бағытында нақты жұмыстар жүргізілуді жетілдіру қажеттігін айтты.

Жиын барысында кәсіпкерлер пікірлерімен бөлісіп, Үкіметке өз талаптарын да жеткізді. Онымен қоса, цифрлық платформаларды дамуы және бизнеске арналған мемлекеттік сервистерді жетілдіру мәселелері де көтерілді.

Бекет ҚУАНЫШ, ҚарҰЗУ ІІ курс студенті

Сурет Өңірлік кәсіпкерлер палатасынан

Жаңа станция, жайлы мүмкіндік

Облыс аумағында денсаулық сақтау саласын дамыту, халыққа көрсетілетін медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін арттыру бағытындағы жұмыстар кезек-кезеңімен жүзеге асырылып келеді. Әсіресе, шұғыл медициналық қызметтің материалдық-техникалық базасын нығайту мәселесіне ерекше көңіл бөлінуде. Соңғы жылдары өңірде жедел жәрдем қызметін жаңғыртуға арналған бірқатар маңызды жобалар қолға алынып, халық игілігіне беріліп жатыр. Осы бағыттағы ауқымды жұмыстардың нәтижесінде Саран қаласында жаңа модульдік жедел жәрдем қосалқы станциясы пайдалануға берілді.

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Заманауи талаптарға толық сай келетін нысан қала тұрғындары мен оған жақын орналасқан елдімекендерді қоса есептегенде шамамен 47 мың адамға шұғыл медициналық көмек көрсетеді. Бұл жоба аймақтағы денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамытуға бағытталған маңызды бастамалардың бірі саналады.

Айта кетейік, былтыр облыста жедел жәрдем қызметінің автопарк толық жаңартылып, 113 заманауи санитарлық көлік сатып алынған болатын. Соның арқасында шалғай елдімекендерде де жедел жету мүмкіндігі артып, тұрғындарға көрсетілетін медициналық көмектің сапасы жақсарды. Ал, биыл әлеуметтік маңызы бар медициналық нысандарды іске қосу жұмыстары жалғасып, Саран қаласындағы жаңа қосалқы станция халық игілігіне ұсынылды.

Жаңа нысанның ашылу рәсіміне облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев қатысып, тұрғындарды маңызды оқиғаман құттықтады. Аймақ басшысы халық денсаулығын сақтау мен медициналық қызмет сапасын арттыру мемлекет саясатының негізгі басымдықта-



рының бірі екенін атап өтті.

– Саран қаласы – бүгінде қарқынды дамып келе жатқан шаһардың бірі. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, бұл – елімізде моноқалалар тізімінен шыққан алғашқы қала. Экономикалық аймақтың белсенді дамуы халық санының артуына оң әсерін тигізіп отыр. Сондықтан, біз тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған әлеуметтік инфрақұрылымды жүйелі түрде дамытып келеміз. Бүгін ашылған жаңа жедел жәрдем қосалқы станциясы да – сол жұмыстардың нақты нәтижесі. Бұл нысан тұрғындарға

жедел әрі сапалы медициналық көмек көрсетуге мүмкіндік береді, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Жаңа қосалқы станцияның ғимараты заман талабына сай салынып, толықтай қажетті техникалық құралдармен жабдықталған. Мұнда жедел медициналық көмек бригадаларының тәулік бойы үздіксіз жұмыс істеуіне барлық жағдай қарастырылған. Қызметкерлердің жұмыс тиімділігі мен жайлылығына ерекше назар аударылған.

Ғимарат ішінде кең әрі жарық жұмыс кабинеттері, диспетчерлік бөлім, медициналық персоналдың тынығуына арналған арнайы демалыс бөлмелері орналасқан. Сонымен бірге, жылы еден жүйесі орнатылып, ас қабылдау бөлмесі кондиционермен жабдықталған. Аға фельдшер мен шаруашылық мейірбикесіне арналған кабинеттер де толық қажетті құралдармен қамтамасыз етілген. Заманауи диспетчерлік қызмет шақыруларды жедел қабылдап, бригадалардың уақытылы шығуын үйлестіруге мүмкіндік береді.

Саран қаласының жедел жәрдем қосалқы станциясының меңгерушісі Раиса Бизязева жаңа нысан-



Өңірлерді дамыту

ның қызметкерлер үшін маңызды ерекше екенін жеткізді. Оның айтуынша, жедел жәрдем қызметкерлері осы уақытқа дейін арнайы жеке ғимаратсыз жұмыс істеп келген.

– Жедел жәрдем саласында 35 жылдан бері еңбек етіп келемін. Осы уақыт аралығында жеке ғимаратымыз болған емес. Біз көбіне ауруханалардың жанындағы немесе қызметке бейімделген жалдамалы ғимараттарда жұмыс істедік. Ал, бүгін біз үшін тарихи күн деуге болады. Қосалқы станция қаланың орталығында орналасқандықтан, шақыртуларға жедел жетуге өте қолайлы. Мұнда қызметкерлер үшін барлық жағдай жасалған: жарық әрі жылы кабинеттер, демалыс бөлмелері, заманауи диспетчерлік бөлім, жылы едендер, кондиционер орнатылған асхана бар. Қазіргі таңда тәулігіне төрт бригада жұмыс істейді. Әр бригадаға күніне 17-18 шақыртуға дейін түседі. Осындай кең, жарық әрі жайлы ғимаратта еңбек ету – біз үшін үлкен қуаныш әрі зор қолдау, – деді Раиса Бизязева.

Жаңа қосалқы станцияның ашылуы жедел медициналық көмектің қолжетімділігін арттырып қана қоймай, дәрігерлер мен фельдшерлердің жұмысын жеңілдетуге де ықпал етеді. Ең бастысы – тұрғындардың денсаулығын сақтауға бағытталған қызмет сапасы жаңа деңгейге көтеріледі.

Мамандардың айтуынша, қазіргі таңда өңірде медициналық инфрақұрылымды жаңғырту жұмыстары жалғасуда. Алдағы уақытта да жаңа нысандар салынып, денсаулық сақтау мекемелерінің материалдық-техникалық базасы күшейтілмек. Бұл өз кезегінде халыққа сапалы әрі қолжетімді медициналық көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Жол – дамудың бір көрсеткіші

Теміртау қаласы әкімінің биылғы белгіленген жоспары бойынша осындағы көшелер мен даңғыл жолдарының 16,5 шақырымы орташа жөнделетін болса, соның 2,6 шақырымының жұмыстары басталып та кетті.



Ержан ИМАШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Ол Қарағанды көшесінен Республика даңғылымен Металлургтер даңғылына дейінгі жол аралығын қамтып, оның жобалық сметалық құны 906 845 643 теңге тұрады.

Аталған жол телімінің орташа жөндеуіне тапсырыс беруші «Теміртау қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі де, оны мердігер ұйым «Қарағанды автожол» ЖШС жұмысшылары атқарып жатыр. Қазірде олар «Востоку» саябағы жағынан асфальтбетон жабындының (ірі қиыршықты асфальттің) төменгі қабатын төсеуде. Бұл шаруа аяқталған соң осындай жұмыстар даңғылдың қарсы бетінде де жасалмақ.

Республика даңғылында асфальтбетон жабындының төменгі қабаты толық төселгеннен кейін Сапа орталығының мамандары зертханалық сынақтар жасау және орындалған жұмыстардың белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеру үшін үлгілерін алады. Осы тексерістің нәтижелерінен кейін ғана мерді-

гер ұйым асфальтбетон жабындының үстіңгі қабатын төсеуге кіріседі.

Осы Республика даңғылында жол-құрылыс жұмыстары басталар алдында «Оқжетпес» ЖШС Сейфуллин көшесінің қиылысында қажетті шаруаларды жүзеге асырған-ды. Тек сол аяқталған соң ғана жол төсемін фрезерлеу мен асфальттау басталған болатын. Барлық инженерлік коммуникациялар күні бұрын тексерілгендіктен жаңа асфальтбетон жабындысын қайта қопару қажет болмайды.

Сондай-ақ, жөндеу жұмыстары аясында нөсерлі көріз жүйесі қалыпты жағдайға келтіріледі. Жолдың жүргіншілер бөлігінде орналасқан жауын тұтқыш торшалар жаңа асфальтбетон жабындының деңгейіне дейін көтеріліп, тәртіптеліп, қайта орнатылатын көрінеді.

Биыл жұмыстар Республика даңғылы, Бейбітшілік даңғылы, Шилер көшесі, Бейбітшілік даңғылынан №17 мектепке дейінгі жол учаскесінде, сондай-ақ, Батыс өнеркәсіп аймағында Абай көшесі бойына басталды.

ТЕМІРТАУ

Сурет автордан



Еңбек нарығының екінші тынысы

(Соңы. Басы 1-бетте)

Кәсіптік оқыту мен кәсіпкерлік бастамаларды қолдау да – осы бағыттағы маңызды тетіктердің бірі. 2023-2025 жылдары мүгедектігі бар 81 адам кәсіптік оқытуға жіберілді. Сонымен қатар, «Бастау Бизнес» жобасы бойынша 1 123 адам оқытылып, оның 760-ы бизнес-жобаларын қорғап, сертификат алды. Өз ісін бастауға ниет білдірген азаматтарға 400 АЕК-ке дейінгі көлемде 367 грант берілді.

Міндет хәм мүмкіндік

Мүгедектігі бар адамдарды еңбекке тартуда квота тегінің орны бөлек. Себебі, бұл – жұмыс берушінің әлеуметтік жауапкершілігін нақты іске айналдыратын механизм. Заңда белгіленген квота жұмыс берушілерге белгілі бір мөлшерде мүгедектігі бар азаматтарды жұмысқа қабылдау міндетін жүктейді.

Бұл бағытта соңғы үш жылда бірқатар нақты нәтиже бар. 2023-2025 жылдары квоталанатын жұмыс орындарына 262 кәсіпорында 697 мүгедектігі бар адам орналастырылды. 2023 жылы 43 кәсіпорын 179 адамды жұмысқа қабылдап, жоспар 203 пайызға орындалды. 2024 жылы 113 кәсіпорында 231 адам еңбекке тартылып, жоспар 105 пайызға орындалды. Ал, 2025 жылы 106 кәсіпорында 287 адам жұмысқа орналасып, жоспардың орындалуы 102 пайызды құрады.

2023-2025 жылдары аймақ кәсіпорындарында барлығы 40 арнайы жұмыс орны құрылды. Оның ішінде есту қабілеті бұзылған азаматтар үшін – 32, көру қабілеті бұзылғандар үшін – 7, тірек-қимыл аппараты бұзылған азаматтар үшін 1 жұмыс орны ашылды. Жылдар бөлінісінде алсақ, 2023 жылы 12, 2024 жылы 13, 2025 жылы 15 арнайы жұмыс орны құрылған.

Бұл жұмыс орындары Қарағанды, Теміртау, Балқаш, Саран, Шахтинск қалаларында, сондай-ақ, Абай және Бұқар жырау аудандарындағы кәсіпорындарда ашылды.

Арнайы жұмыс орындарын ұйымдастыру кезінде жұмыс берушілердің шығындары субсидияланады. Атап айтқанда, жұмыс орнын құруға, қажетті жабдық сатып алуға, мүгедектігі бар азаматтардың жалақысын төлеуге қолдау көрсетіледі. Бұл, бір жағынан, жұмыс берушінің қаржылық жүктемесін азайтса, екінші жағынан, мүгедектігі бар адамның еңбек нарығына кіру мүмкіндігін кеңейтеді.



Еңбек нарығы үнемі өзгеріп отырады. Бүгін сұранысқа ие мамандық ертең жанарып, жұмыс берушінің талабы да күрделене түсуі мүмкін. Сондықтан, мүгедектігі бар азаматтарды жұмыспен қамтуда кәсіби оқыту, қайта даярлау және кәсіпкерлік бастамаларды қолдау ерекше маңызға ие. Бұл бағыт адамды дайын жұмыс орнына ғана емес, жаңа мүмкіндікке жетелейді. Соңғы үш жылда мүгедектігі бар 81 адам кәсіптік оқытуға жіберілді. Оның ішінде 2023 жылы – 33, 2024 жылы – 25, 2025 жылы 23 адам оқыған.

– Былтыр облыста әлеуметтік осал топтарға арналған «JUMYS TAP» жобасы жүзеге асырылды. Жоба аясында Қарағанды қаласында үш консультациялық пункт ашылды. Олар «Алтын Арба», «Ануар», «Корзина» сауда орталықтарында жұмыс істейді. Теміртау қаласында тағы бір пункт «Одежда» сауда үйінде ашылды. Жоба аясында қысқа мерзімді курстарда 39 адам оқыды.

Оның ішінде 27-сі – мүгедектігі бар азамат, 12-сі – мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған ана. Оқыту Қарағанды технология және сервис колледжі, Қарағанды көлік-технологиялық колледжі және техникалық-құрылыс колледжі базасында жүргізіледі. Курстар 5 күннен 1 айға дейін созылды. Қатысушылар тігінші, шаштараз, үй электрігі, сантехник, жиһаз жинақтаушы, электроника, дәнекерлеуші, флорист, автожөндеуші слесарь, электрослесарь сияқты мамандықтар бойын-



Біз үшін маңыздысы – қоғамда мүгедектігі бар азаматтарға қатысты түсініктің өзгеруі. Жұмыстың нәтижесі тек мемлекеттік қолдауға байланысты емес. Инклюзивті орта қалыптастыруда жұмыс берушінің көзқарасы, ұжымның мәдениеті, әріптестердің түсіністігі де маңызды.

ша сертификат алды. Бұл мамандықтардың көбі күнделікті тұрмыста сұранысқа ие. Мұндай жобалардың артықшылығы – адамды ұзақ теориямен шектемей, нақты дағдыға үйретуінде. Қысқа мерзім ішінде азамат Әрі қарай ол жұмысқа орналасуы немесе жеке қызмет көрсету бағытын дамытуға мүмкін. Өсірісе, мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған аналар үшін мұндай курстардың әлеуметтік маңызы жоғары, – дейді Нұркен Әшімханов.

Биылғы бағыт

Өткен жылдардағы жұмыс биыл да жалғасын отыр. Биыл мүгедектігі бар адамдарды жұмыспен қамту бағытындағы шаралар күшейтілді. Жыл басынан бері өңірде 860-тан астам мүгедектігі бар адам жұмыспен қамтылды. Бұл санаттағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін бос жұмыс орындарына жолдау, арнайы жұмыс орындарын құру, кәсіптік оқыту, өз ісін ашуға арналған грант беру сияқты тетіктер қолданылуда.

Биыл мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орындарына квота 291 орынға дейін ұлғайтылды. Қазіргі

таңда квота бойынша 153 адам жұмысқа орналасқан.

– Соңғы жылдары жұмыспен қамту шараларының ауқымы кеңейіп келеді. Биыл да негізгі міндет – мүгедектігі бар азаматтарды тұрақты еңбекке тарту, жұмыс берушілермен байланысты күшейту және әр адамға лайықты бағыт ұсыну. Жұмысқа орналасу – процестің басы ғана. Одан кейін азаматтың жаңа ортаға бейімделуі, еңбек жағдайының қолайлы болуы, ұжыммен үйлесуі маңызды. Осы мақсатта өңірде сүйемелдеу жұмыстарына да мән беріліп отыр. Соның бірі – JOB СОАЧН жобасы. Бұл жоба мүгедектігі бар азаматтың жұмысқа орналасқаннан кейінгі бейімделу кезеңін қолдауға бағытталған. Яғни, мамандар адамды тек бос орынға жолдап қана қоймай, оның жұмыс орнында тұрақтап қалуына, еңбек тәртібіне үйренуіне, ұжыммен байланыс орнатуына көмектеседі, – дейді Нұркен Әшімханов.

Мүгедектігі бар азаматтың жұмысқа орналасуына тек бос орынның болуы жеткіліксіз. Оған кейде құжат рәсімдеу, кәсіби кеңес алу, психологиялық қолдау, құқықтық бағыт-бағдар, әлеуметтік қызмет-

терге қол жеткізу, жұмыс орнына жету, ғимаратқа кедергісіз кіру сияқты көптеген қосымша жағдай қажет. Сондықтан инклюзивті жұмыспен қамту мәселесі коллжетімді орта және сүйемелдеу қызметтерімен тығыз байланысты.

Бұл бағытта Ten Qogam әлеуметтік қолдау орталықтарының қызметі маңызды рөл атқарады. Мұндай орталықтар мүгедектігі бар адамдарға ақпараттық, құқықтық, психологиялық және әлеуметтік кеңес беріп, мемлекеттік қызметтерді алу, жұмыспен қамту шараларына қатысу, құжаттарды рәсімдеу бойынша қолдау көрсетеді. Яғни, адам өз мәселесін шешу үшін әр мекеменің табалдырығын бөлек тосырмай, бір жерден бірнеше бағыт бойынша көмек ала алады.

Ешкімнің мүмкіндігі шектелмейді

Соңғы жылдар мұғдарында облыста арнайы жұмыс орындарын құрумен қатар, мүгедектігі бар азаматтардың еңбекке бейімделуіне жағдай жасауға ауқымды түрде көңіл бөлініп келеді. Жұмыс берушілердің физиологиялық және функционалдық шектеулерді өтеуге арналған арнайы жабдықтар сатып алуы, жұмыс орнын бейімдеуі, ерекше еңбек жағдайын қарастыруы – осы бағыттағы нақты қадамдардың бірі.

– Біз үшін маңыздысы – қоғамда мүгедектігі бар азаматтарға қатысты түсініктің өзгеруі. Жұмыстың нәтижесі тек мемлекеттік қолдауға байланысты емес. Инклюзивті орта қалыптастыруда жұмыс берушінің көзқарасы, ұжымның мәдениеті, әріптестердің түсіністігі де маңызды. Мүгедектігі бар адамды жұмысқа қабылдау қайырымдылық ретінде емес, кәсіби әлеуетті бағалау ретінде қарастырылуы керек. Олар – көмек алушы ғана емес, еңбек ете алатын, кәсіби қабілеті бар, қоғамға пайда әкелетін азаматтар. Сондықтан, жұмыс берушілермен түсіндіру жұмыстары да тұрақты жүргізіледі. Әр адамға мүмкіндік берілсе, ол өз орнын таба алады, – дейді басқарма өкілі.

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ЭКСКУРСИЯ

Сот жүйесіне саяхат

Қазақстан Республикасы Судьялар одағының 30 жылдығына орай Қарағанды облыстық соты музейінде студенттерге арналған экскурсия өтті. Оған академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің студенттері қатысты. Экскурсия барысында музей жетекшісі Ардақ Шайменова қазақ даласындағы сот жүйесінің қалыптасу тарихы туралы кенінен баяндады. Келушілер ежелгі билер сотынан бастап, қазіргі заманауи сот жүйесіне дейінгі даму кезеңдерімен танысты.

Экскурсияда Майқы би, Қасым хан, Есім хан, Тәуке хан және Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би сынды тарихи тұлғалардың ел ішіндегі әділдік пен заң жүйесін қалыптастырудағы рөлі ерекше аталды. Сонымен қатар, «Жеті жарғы» заңдар жинағы туралы ақпарат берілді.

Музей қонақтарына XVIII ғасырдан басталған ресми сот жүйесінің дамуы, Қарағанды облыстық сотының құрылу тарихы және алғашқы судьялар жайлы архивтік құжаттар мен фотосуреттер көрсетілді. Экскурсия барысында соғыс жылдарындағы судьялардың еңбегі мен тағдыры туралы да айтылды.

Сондай-ақ, келушілер судья мантысымен, тарихи құжаттармен және сот залындағы жәдігерлермен танысты. Музей жетекшісі Ардақ Шайменова сот қызметінің басты қағидалары – әділдік, заңдылық және адам құқығын қорғау екенін атап өтті.

Экскурсия студенттер үшін өте әсерлі әрі түсінікті болды. Студенттер сот жүйесінің тек заң мен құжаттардан ғана тұрмайтынын, оның артында үлкен жауапкершілік пен адам тағдыры жатқанын түсінді. Осындай тарихи орындарға бару – болашақ заң саласының мамандары үшін маңызды тәжірибе. Бұл экскурсия өткен мен бүгінді байланыстырып, азаматтардың құқық жүйесіне деген қызығушылығын арттырды.

Зарина АЙТЖАН, ҚарҰЗУ ІІ курс студенті

Жаңарған жол, жаңғырған өңір

Қарағанды өңірінің көлік-логистикалық әлеуеті құрғақ цифрлар мен жай ғана төселген асфальттың жиынтығы емес. Бұл – аймақтың өндірістік тынысын ашып, туристік қазынасын еселейтін, экономикалық өрлеуге серпін беретін стратегиялық құжат көзі. Аймақтың инфрақұрылымдық бетбұрысы мен алдағы ауқымды межелері жан-жақты сараланған брифингте мамандар өңір жолдарының жаңа келбеті талқыға салынып, болашақ даму бағыттарын айқындады.

Облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы басшысының орынбасары Аян Шардатын мәлімдеуінше, биылғы жылды инфрақұрылымдық серпілістің алтын кезеңі деп атауға толық негіз бар. Жоспарлы межелердің ауқымы кең. Биыл өңірде жалпы ұзындығы 493 шақырымды құрайтын автожол желісі кешенді түрде жаңғырады. Бұл көрсеткіш ішкі бағыттар бойынша нақты жіктелген. Оның ішінде, 190 шақырымы – халықаралық және республикалық маңызы бар ірі күре жолдар, 90 шақырымы облысшілік қатынасты реттейтін маңызды тасжолдарға тиесілі. Ал, қалған 213 шақырымы ауылдық жерлер мен қала ішіндегі тұрғындардың тұрмыс сапасын жақсартуды, ауыл мен орталық арасындағы байланысты нығайтуды көздейді.

Жобалардың арасындағы ең іргелісі – «Саран-Шахтинск» бағытындағы 19 шақырымдық автожолдың құрылысы. Бүгінгі таңда оның 16 шақырымына заманауи талаптарға сай үш қабатты асфальтбетон төселіп, негізгі жұмыс түйінделді. Қалған 3 шақырымы жүй соңына дейін ел игілігіне берілімек. Бұл нысан кеншілер шаһары мен өндірістік орталықтар арасындағы логистикалық кедер-

гілерді жойып, уақыт шығынын айтарлықтай азайтады.

Сонымен қатар, Шерубай-Нұра өзені арқылы өтетін көпірді қайта жаңғырту – инженерлік ойдың озық үлгісі іспетті. Іргетасы бекітіліп, тіреуіштері орнатылған бұл нысан кешенді құрылыстың беріктік эталонына айналмақ. Нұра мен Есіл өзендерінің үстінен өтетін басқа да өткелдердің жаңартылуы аймақтың транзиттік қуатын жаңа белеске көтереді.

Қарағанды – отандық индустрияның қарашанырағы әрі негізгі қозғалтқыш күші. Осы ретте Саран қаласының индустриялық аймағын «Қарағанды-Астана» республикалық автобанмен жалғайтын 21 шақырымдық жаңа жолдың экономикалық салмағы зор. Мемлекеттік-жекеменшік серіктестік аясында бой көтерген бұл жоба аймақтың өндірістік қуатын арттырып қана қоймай, өңірде инвестиция тартудың тың әрі тиімді үлгісін көрсетті.

Аян Шардатын айтуынша, заманауи жол құрылысында қауіпсіздік пен цифрландыру қатар жүруі тиіс. Осы мақсатта «Қарағанды-Шахтинск» бағытындағы тасжолға ауыр жүк көліктерін қозғалысты тоқтатпай-ақ автоматты түрде өлшейтін интеллек-



туалды жүйе енгізілмек. Бұл технология жол төсемінің мерзімінен бұрын тозуын алдын алатын сенімді «цифрлық қалқанға» айналады.

Инфрақұрылымды дамыту тек тасжол салумен шектелмейді, оның экологиялық үндестігі де басты назарда. «Қарағанды-Жаңа Дубовка» бағытының бойына 3000-нан астам жасыл желек пен ағаш көшетінің отырғызылуы – урбанизация мен табиғатты қорғау тепе-теңдігінің жарқын көрінісі, жол жиегіне көрік беретін эстетикалық қадам.

Қоғамдық көлік және тасымалдау бөлімінің басшысы Қазыбек Мақышов өңірдегі жолаушылар тасымалының сапалық тұрғыдан өзгергенін алға тартты.

Қазіргі уақытта облыста 36 ресми тасымалдаушы 197 тұрақты бағыт бойынша тұрғындарға қызмет көрсетіп келеді. Осы ретте көлік паркін жаңарту үдерісі жоғары қарқынмен жүріп жатқанын атап өткен жөн.

Былтыр қолданысқа берілген 190 жаңа автобустың қатарын биыл тағы жүзге жуық заманауи техника толықтырмақ. Бұл тек сандық өсім емес, бұл – экологиялық таза, сығымдалған газбен жүретін, кондиционермен және арнайы пандустармен жабдықталған, мүмкіндігі шектеулі жандарға барынша бейімделген жайлы көліктерге көшудің нақты көрінісі. Жаңа автобустар қалайық және қалааралық бағыттардағы жолаушылар ағынын рет-

теп, қызмет көрсету сапасын жаңа деңгейге көтереді.

Сонымен қатар, әлеуметтік жауапкершілік аясында Шахтинск қаласындағы көшелерді жарықтандыру және мектептердің маңына «ақылды» бағдаршамдар орнату жобалары қолға алынды. Бұл бастамалар өңірдегі жол қозғалысын реттеп, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі маңызды қадамы болды.

Арқаның інжу-маржаны саналатын Балқаш көлінің туристік әлеуетін ашу назарда. Маусым айынан бастап іске қосылатын «Астана-Балқаш» күнделікті рейсі мен аптасына 5 рет қатынайтын «Алматы-Балқаш» әуе бағыттары ішкі туризмнің дамуына зор серпін бермек.



Мемлекеттік субсидиялаудың арқасында билет құны 16 000 теңге көлемінде тұрақты сақталады. Бұл – отандық саяхатшылар мен шетелдік қонақтар үшін таптырмас мүмкіндік. Оған қоса, теміржол бағытындағы 14 вокзал мен перрон платформаларын реконструкциялау жұмыстары қатар жүріп жатыр. Мұның бәрі жолаушылардың күту залына қадам басқан сәтінен бастап, діндеген жеріне жеткенге дейінгі жайлылығы мен қауіпсіздігін толық қамтамасыз етеді.

Қарағанды облысының көлік саласындағы реформалар тек ауқымдылығымен ғана емес, стратегиялық тереңдігімен ерекшеленеді. Қарағанды жол салудың дәстүрлі әдістерінен асып, цифрлық бақылау мен экологиялық трендтерді ұштастыра береді.

Бүгінде Сарыарқаның көлік жүйесі логистикалық тұрғыдан өзін-өзі ақтайтын, экономикалық тиімділігі жоғары біртұтас ағзаға айналды. Бұл инфрақұрылымдық серпіліс – аймақтың орнықты дамуының кепілі әрі жаңа экономикалық дәуірге бастайтын даңғыл жолы.

Аяулым ЖАНАТОВА, ҚарҰЗУ ІІ курс студенті, Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Құрметті жерлестер!

Бүгін біз өткен ғасырдың зұлмат жылдарында жазықсыз жапа шеккен саяси қуғын-сүргін мен ашаршылық құрбандарын еске алып отырмыз. Бұл жылдар халқымыздың тарихында терең із қалдырды. Көптеген отбасылардың шаңырағы шайқалып, ашаршылық пен қуғын-сүргін салдарынан көптеген адамдар өз Отанынан кетуге мәжбүр болды. Дегенмен, халқымыз мұндай қиындықтарға қарамастан биік рухы мен адамгершілікті, ізгілікті сақтап қалды.

Депортация жылдарында Қазақстан көптеген этностардың туған Отанына айналды. Қиын-қыстау кезеңге қарамастан, қазақ халқы келгендерге барынша көмек қолын соза білді. Бұл ауыр кезең бүгінде Қазақстанда тұрып жатқан барлық этностарды біріктіріпді.

Тарихтан тағылым алу – келешек ұрпақ алдындағы маңызды міндет. Саяси қуғын-сүргін мен ашаршылық құрбандарының тағдыры бізге тәуелсіздіктің, ел бірлігі мен тұрақтылықтың қадірін терең түсіндіреді. Сондықтан, өткеннің ауыр сабақтарын ұмытпай, тарихи шындықты ұрпақ санасына сіңіру, әділдік пен адамгершілік құндылықтарын дәріптеу – баршамыздың ортақ парызымыз.

Өткенді еске алу бізге бейбітшілік пен өзара келісімді, түсіністікті сақтауға ықпал етеді. Осындай ауыр кезеңдерді басынан кешірген халқымыз үшін бұл күн жазықсыз жапа шеккендерді еске алып, оларға тағзым ететін күн болып табылады. Жазықсыз жапа шеккендер қасіреті ешқашан ұмытылмайды.

Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ, Қарағанды облысының әкімі

Нұркен КОБЖАНОВ, Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы

• 31 МАМЫР – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

Ақиқатты дөп басқан болжам

Адамзат баласының тарихында небір қанды қасап, нәубетке толы кезеңдер, зұлматқа толы жылдар көп болған, алайда, кешегі КСРО империясы кезіндегі отызыншы жылдар мен елуінші жылдар басындағы «саяси сенімсіз», «халық жауы» деген жалған айыппен атылған, айдалған, жазықсыз жандар сотталғанын баса айтқан абзал.

Тәуелсіздік таңы атқаннан бері бұл тақырып күн тәртібінен түскен жоқ, көптеген зерттеулер, деректі дүниелер, өнер туындылары, т.б. жарық көрді. Зұлматқа толы зобалаң жылдар оқиғасы бүге-шігесіне дейін толықтай зерделенген жоқ десек те, қыруар іс-шаралардың жүзеге асқанына нәубе дей отырып, осы материалда тақыты атқарылған бір іске тоқталмақпыз.

XX ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында ешқандай төңкеріс болмай-ақ, бір оқ атылмай-ақ өмір сүруін тоқтатқан КСРО империясы, тараған СОКП, тұтастай алғанда миллиондаған адамдардың арман-тілегі, азаттыққа үмітталуы, ой-сана, парасаттың жеңісі десек, келмеске кеткен империяны тұтас бір жүйе, мықты идеологиясы, қуатты күші бар орасан ірі құрылым еді деген абзал. Қорқытуға, күшке, өктемдікке ерік берген жүйе өз кезінде үстемдік етсе де, адам санасы ешқандай құлдыққа бағынбайтынын дәлелдеген еді. Сол ғасырдағы барлық қиянатқа толы кезеңді айтпасақ та, бір ғана өңірімізден шыққан жандардың трагедияға толы ауыр тағдырларын жазған едік («ОҚ», 31.05.2016 және «ОҚ», 31.05.2018. Ескерту: бұл екі материалда Ф.Токсантаев, М.Ахметов (атақты Дия қажы), О.Сәтібаев, К.Қанбатыров, М.Байтілеуов, Ш.Қамболатов, т.б. жандардың өмір жолы туралы айтылған). Бұл алапат кезең жайлы Орталық Қазақстан академиясында өткен Халықаралық ғылыми конференцияда баяндама жасадық. Енді осы бағытта жүзеге асқан тағы бір игілікті іс туралы айтпақпыз.

Белгілі азамат, Шет ауданының тумасы Ғабидолла Әйешов саяси қуғын-сүргін құрбандарына ұшыраған өз әулетінің үлкендері туралы тұщымды танымдық мақала жариялады. Ол еңбегі 2022 жылы жарық көрген «Ел ырысы – нұрлы Нұра» атты кітапта және 2025 жылы «Шет шұғыласы» газетінде (24.04.2025, №16 (11161) жарияланды. Бұқшам дүниенде елі үшін, ұрпағы үшін жан аямай еңбек еткен, қалай болғанда да ұлттың тектілігі, бекзаттығы үзіліп қалмаса екен деп тілеген көптеген жанкешті азаматтар туралы танымдық деректер келтірілген. Әйеш Көбенов жайлы баласы Нестайдың жүрекжарды сыры, сол құпияны тіріл-

тіп, бүгіндері марқұмға ескерткіш белгі орнатқан Ғабидолла немересі, Елдостай шөбересінің еңбегіне разы боласын. Біле – білген жан бірер жайтқа айрықша ден қойғаны абзал: ол – сол тұста аласапыран уақыттың кімнің кім екенін анықтап бергені. Мақалада есімдері аталған барлық жандарды тізіп шығу міндет те емес, шарт та емес, іздеген адам болса, дереккөздерді жоғарыда келтіріп, айтпағымыз: иісі халқы үшін, ұрпақ үшін, болашақ ұрім-бұтақ үшін небір қиын-қыстау кезеңде мойымай еңбек еткен сол Әйеш, Қасқатай (екеуі бір шаруашылықта еңбек еткен) ақсақалдар кейбір белсенділердің көрсетуімен сотталған. Әйеш Көбенұлы еті тірі, еңбекқор, іскер жан ретінде Шет өңірінде алғаш мойынсерік («Артель» деп те атаған кездер болған) құрған. Алапат аштық кезінде, Қарағанды-Балқаш арасында кіре тартқандарға қызмет көрсетіп, аттасы, әулет жақындарын аман алып қалған. Небір аштық жайлаған өңірді, өлген адамдарды көріп, колхоз басқарған тұсында мол өнім өндіргені үшін Алматыға алқалы басқосуға ұшақпен Сталин атындағы колхоз басшысы Уәли Баснов екеуі бастаған, сый-сияпат көріп, орденмен марапатталған. 1937 жылы «халық жауы» деген жалған айыппен ұсталып, атылған. Демек, мақала авторы нақақ жазаланғандарға, алапат трагедияға ұшыраған бейқұй азаматтарға өлмес ескерткіш орнатты. Шіркін-ай, сол кезеңдегі қан құйлы жүйенің құрбаны болған жандар, олардың жерленген мекені, т.б. әлі де толық анықталмай жатқанын ойлағанда жаның түршігеді. Жасырудың қажеті жоқ, небір жампоз, әйгілі жандар, жазықсыз құрбан болған-дарды анықтау, табу белгілі бір орган тарапынан арнайы түрде жүргізілмегендіктен, олардың рухына тағзым етіп, мәңгілік мекендерін тауып алып, белгі қойып жүрген артында қалған ұрпақтары ғана... Ғабидолла Әйешов те ұлы Елдос екеуі бұл орайда қыруар шаруа тындырған. Нестай әкелерінен естіген мағлұматтарды саралап, іздеу салған. Сәті түскені болар, едәуір уақыт өткен соң Елдос Алматыдан Күмісай деген көріпкел адамды алдырады. Ол кісінің бойындағы қасиет неден туындады, қандай факторларға сүйенді,



сараптамалық, тарихи-салыстырмалық әдіс-тәсілдер, т.б. қалай жүзеге асты, ол жағына болжам жасауға біздің өреміз жете қоймас. Алайда, ол кісі тапқан жердің Нестай қария айтқан деректермен дәлме-дал келгені күдікке орын қалдырмайды. Сонымен, бақиға аттанған жандарға арнайы белгі орнатылып, қоршау жасалып, ас беріліп, құран бағышталған. Әйеш ақсақал мен туысы К.Нурпейсовтің жатқан жері Спасск маңында. Күмісай сол жерде тағы да жиырма жеті адамның жерленгенін айтып берген екен. Енді соларды табу керек. Сөйтіп жүргенде, мемлекеттік қаржыландырумен 2024 жылы Қарағандыдан «Қарағанды облысы аумағындағы саяси қуғын-сүргін (1920-1930 жж.)» атты кітап шықты. Аталған еңбекте 1937 жылы 28 қарашада арнайы қаулыға сәйкес атылған 21 адамның, сол жылы 31 желтоқсанда атылған 8 адамның тізімі берілген. Ол тізімді де жариялап отырмыз.

- 1. Сапақов Абеу, 1864 г.р., уроженец аула № 1 Шетского района, Карагандинской области, беспартийный, ранее судим в 1929 г. за невыполнение контрольных заданий по хлебозаготовке сроком на 5 лет;
- 2. Корпин Окте, 1867 г.р., уроженец аула № 1 Шетского района, Карагандинской области, беспартийный, грамотный, мулла, не судим;
- 3. Нурпеисов Касенбек, 1893

- г.р., уроженец аула № 1 Шетского района, Карагандинской области, беспартийный, грамотный;
- 4. Кобенов Айеш, 1893 г.р., уроженец аула № 1 Шетского района, Карагандинской области, до ареста работал председателем сельхозартели им. Орджоникидзе, исключён из партии по этому делу;
- 5. Айкимбеков Саду, 1871 г.р., уроженец аула № 5 Шетского района, беспартийный, неграмотный, бай, ранее судим в 1931 г. сроком на 5 лет;
- 6. Баймурутов Ахметбек, 1881 г.р., уроженец аула № 5 Шетского района, неграмотный, в 1930 г. осуждён сроком на 5 лет;
- 7. Балбабеков Суяндик, 1910 г.р., уроженец аула № 5 Шетского района, малограмотный, ранее судим в 1931 г. сроком на 5 лет;
- 8. Бектасов Токабай, 1871 г.р., уроженец аула № 5 Шетского района, беспартийный, неграмотный, ранее судим в 1931 г. сроком на 5 лет;
- 9. Ахметов Саник, 1876 г.р., уроженец аула № 5 Шетского района, беспартийный, малограмотный, ранее судим;
- 10. Молдабеков Жанжал, 1887 г.р., уроженец аула № 5 Шетского района, беспартийный, неграмотный, ранее судим;
- 11. Алдаубаев Арен, 1900 г.р., уроженец аула № 5 Шетского района, беспартийный, малограмотный, ранее судим;

- 12. Жандыгулов Жунус, 1877 г.р., уроженец аула № 5 Шетского района, Карагандинской области, беспартийный, грамотный, мулла, не судим;
- 13. Кимбеков Сейткен, 1900 г.р., уроженец аула № 5 Шетского района, Карагандинской области, сын хаджи, грамотный, до ареста работал секретарем аульного совета № 5 Шетского р-на;
- 14. Дюсембаев Шакен, 1895 г.р., уроженец аула № 5 Шетского района, беспартийный, малограмотный, до ареста работал председателем колхоза Алғабас Шетского р-на, ранее не судим.
- 15. Жанбаев Шаке, 1874 г.р., уроженец аула № 7 Шетского района, беспартийный, неграмотный, середняк, ранее судим;
- 16. Ажибеков Базилбай, 1869 г.р., уроженец аула № 7 Шетского района, беспартийный, грамотный, мулла, не судим;
- 17. Аребеков Шока, 1867 г.р., уроженец аула № 7 Шетского района, беспартийный, неграмотный, ранее не судим;
- 18. Мақимбаев Мәди, 1867 г.р., уроженец аула № 7 Шетского района, беспартийный, грамотный, ранее не судим, бывший волостной управитель;
- 19. Бешкенов Мусатай, 1877 г.р., уроженец аула № 10 Шетского района, бай, в 1930 г. осуждён, срок наказания отбыл;
- 20. Омаров Тенесбай, 1893 г.р., уроженец аула № 3 Шетского района, малограмотный, в 1931 г. исключён из членов партии, до ареста работал председателем колхоза им. Ленина Шетского района;
- 21. Коскин Ахмед, 1895 г.р., уроженец аула № 3 Шетского района, грамотный, служащий, ранее не судим, до ареста завододел районным торговым отделом Шетского района.

Мына тізімде көрсетілген жандардың жақындары, ұрпақтары болса, хабарласса екен дегенді айтпақпыз. Міне, көріпкел адамның айтқандары мұрағат деректерінен табылған тізім, негізінен, бір-бірінен алшақ емес. Оның үстіне Күмісайдың айтқаны Шеттің тумалары жайлы екен. Зұлмат жылдардың зардабы мол. Ол әлі де талай зерттеу мен ізденісті қажет етпек. Біз тек бір ғана айғаққа жүгініп, ортаға өз ойымызды салдық.

Мауен ХАМЗИН, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, «Құрмет» орденнің иегері, Ғабидолла ӘЙЕШ, еңбек ардагері

Сурет автордан

• АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІ ҚАРТҚОЖА ТОҒАНБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 130 ЖЫЛ

Аймауытов ардақтаған қайраткер

Биыл отызыншы жылдардағы жазықсыз жаланың құрбаны болған жерлесіміз, Алаш қайраткері, жазушы Жүсіпбек Аймауытовтың «Қартқожа» романының бас кейіпкері Қартқожа Жананұлы (романда Жұман деп берілген – автор) туғанына 130 жыл толады.

Ержан ИМАШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Жүсекең 1926 жылы Қызылорда қаласында жеке кітап болып басылып шыққан бұл шығармасында Қартқожаның балалық шағынан отыз жасқа дейінгі өмірін қамтып, кешегі қарақасқа кедей баласының қаратанып, елдегі саяси күреске араласып, революциядан кейінгі жаңа дәуірде оқыған зиялы азамат болып қалыптасу жолдарын шынайы суреттейді. Ол 1896 жылы (айы, күні белгісіз) бұрынғы Баянауыл сыртқы округіне қарасты Ақкелін болысының 4-ауылдағы Қотыр Қызылтау деген жерде (қазір бұл жерлер Бұқар жырау ауданының Үміткер ауылдық округінің аумағында да, аталас ағайындары да осында тұрып жатыр) Қаржас руының Баян атасынан сінжірі шыққан Жанан мен Ақбаланың шаңырағында дүниеге келеді. Ауыл молдасынан сауат ашып, 1911-1914 жылдары Сібір темір жолында жұмысшы, байларда жалшылықта жүріп, 1916 жылы ақ патшаның маусым айындағы жарлығына қарсы Алабас көтерілісіне қатысты (жазушы Сабыр Шариповтың бұл туралы повесі де бар – автор). Оқоп қазу жұмысына алынып, 1917-1920 жылдары Лампорда партясы қатарына кіріп, одан кейін Кеңес өкіметінің



ауылдарда өзгерістер жасау, сауатсыздықты жою ісіне кіріседі. Өз туған жеріндегі Төрткөл аулында бастауыш мектеп ашты. Онда оқыған Хамит Үркімбаев, Әшкен Ахметов, Түсіп Жаналин, ағайынды Шөңтібай, Боранбай, Айтбай Кәрімов, тағы басқа азаматтардың елде артель ұйымдастырып, Кеңес жұмысына белсене қатысуына бағыт сілтейді. Жазушы Зейтін Ақышев те одан оқығанын, оны оқушылар «Қартаға» деп атағанын жазады естеліктерінде. Одан әрі Қартқожа Жананұлы білімін жетілдіру мақсатымен Ресейдің Омбы өңіріне барып, Сібір жұмысшы факультетінде оқиды. Ал, 1927 жылы талапты жігіт Томск қаласындағы Сібір механикалық институтына оқуға түсіп, 1931 жылы оны бітіріп, металлды суықтай өңдейтін инженер-механик ма-

манлығын алып шығады. Жоғары білімді жас маман 1930 жылы компартия қатарына алынып, Алматы қаласында Қазақстан мемлекеттік баспасында жауапты хатшы бола жүріп екі жыл қосымша Қазақ зоовет институтында физика мен математика, механикаландыру пәндерінен сабақ беріп, 1933 жылдан 1937 жылға дейін ауыл шаруашылығы институтында оқытушы болады. Орысшаға сауатты Қартқожа Тоғанбаев студенттерге қажетті оқулықтар мен марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектерін қазақ тіліне аударумен айналысады. Амал нешік, оқу-білімі толысып, кемеліне келе бастаған шағында 1937 жылдың 22 желтоқсанында қазақтың көрнекті мемлекет басшылары Ораз Жандосов, Санжар Асфендияров пен бірге ұсталып, 1938 жылдың ақпанында үштіктің үкімімен «Халық жауы» ретінде атылады. Сондағы оған тағылған айып – Кеңес өкіметін құлатуға әрекет жасаған жапон тыншысы болуы. Ол жалаға 1931 жылы Мәскеудің Бутырка түрмесінде жазықсыз оққа байланған Жүсіпбек Аймауытов романының бас кейіпкері болуы және Алаш көсемдері Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатовтармен жұмын қарым-қатынас жасауы да жамалуы мүмкін. Бұған Міржақыптың қызы Гүлнәрдың «Шындық шырағы» естелік кітабында әкесі Соловков лагерінде болғанда Қартқожаның ақшалай көмек көрсетіп, ол қайтыс болғанда үйлеріне келгенін жазғаны дәлел бола алады. Ақырында ақиқат жеңіп, осындай жазықсыз жаланың құрбаны болған есіл ер тек 1958 жылдың 15 наурызында ғана КСРО Жоғарғы Соты әскери коллегиясының шешімімен еш кінәсіз деп танылып, толықтай ақталды. Міне, небәрі 42 жасында нақақтан опат

болған арыстай азаматтың ресми өмірбаяны осындай болса, ел білмейтін көп жайттарға өткенде газетімізде жазғанымыздай («Жанкешті жапон қызы», «Орталық Қазақстан» газетінің 2026 жылдың 30 сәуірдегі санында), Қартқожаның біздің Үміткер аулында тұрған туған қарындасы Ұркия әжеміздің немересі Зақария Әшімхановтан естіп, қанығық.

Әжесінің айтуынша, әке-шешесі Жанан мен Ақбаланың 8 баласы болған көрінеді. Содан ұлы Қизат пен қыздары Мәриуза мен Жәміш жастай шетінеп, Айтмолда, Қартқожа, Бейсенбек, Ұркия және Елубай бесуеі қалады. Ағалары Айтмолда үйленіп, ерте қайтыс болған соң жеңгесі Мәнишаны әменгерлік жолымен Қартқожа алып, оның ұлы Сайфолланы бауырына басады. Осы Сайфолладан қалған жалғыз тұлға Белгібай ұзақ жылдар Қылыш Бабаев атындағы кеншарда құрылысшы болып, зейнетке шығып, бүгінде отбасымен Үміткер аулында тұрады.

Негізі, Қартқожа атамғыз үш некелі болған кісі. Жеңгеді алған әйелі Мәниша дүние салған соң Омбы жағында жүргенде Зейнеп деген қызбен бас қосып, одан Майқы, Шолпан деген ұл-қыз көреді. Осы Майқысы кезінде Мәскеудің байланыс техникумын бітіріп, Қарағанды қаласында осы салада еңбек етсе, Шолпаны Пришахтинскідегі кемтар балаларға арналған мектептің директоры болып істеген. Сонау сексенінші жылдардың ортасында марқұм әріптес ағамыз Матай Айнабеков онымен жолығып, газетімізде оның әкесі Қартқожа Тоғанбаев туралы «Жүректен орын алғандар» атты көлемді мақаласын жариялаған да. Бұл айтып отырған Майқы мен Шолпан әкелері 1937 жылы ұсталып кеткенде жеті-сегіз жыл

Ұркия апасы мен Әшімхан жездесінің қолында тәрбиеленеді. Өйткені, бұларды және ауылдағы біраз ағайындарын ашаршылық жылдары Қартқожа Алматыға көшіріп алып, сонда біршама уақыт тұртыпты.

Әлі есімде, осы кісілердің үйіне Қарағанды қалалық атқару комитетінің басқарып, көптеген басшы қызметтерді атқарған белгілі қоғам қайраткері Нариман Төлепов жиі келіп тұратын. Сөйтсек, Қартқожаның екінші зайыбы Зейнеп Нарекеңнің әкесі Оспаннның туған қарындасы екен ғой. Нариман Оспанұлы Әшекеңнің немересі Зақарияның да жоғары білім алып, құрылыс саласында басшылық қызметтер атқаруына көп ықпал етіп, ағалық қамқорлығын аямаған.

Қартқожа атамғыздың Зейнеп көз жұмғаннан кейін қосылған жары Шайдадан туған ұлы Төлеш әкесі түрмеге қамалғанда бір жаста ғана дейді. «Жас өспей ме, жарлы байымай ма» демекші, сол Төлеш көп жылдар Алматы қаласындағы Қазақ ауыл шаруашылық институтында дайындық бөлімінің деканы болған адам.

Халқы үшін еңбек етіп, тер төгіп, сол жолда жазықсыз жан қиған тұлғалар бүкіл қазаққа ортақ десек те, Қартқожадай абзал азаматтың аты әлі күнге ауызға алынбай, туған жерінде тойланбай келе жатқаны өкінішті-ақ. Енді биылғы мерейтойы жылында көрішлес баянауылдықтар оны атап өткелі жатса, бұқаржыраулық жерлестері де олардан қалмай, бір тірілік жасар деген үміттеміз.

Бұқар жырау ауданы

Сурет Зақария Әшімхановтың отбасылық альбомынан алынды

Кітапқұмар ұлт көштен қалмайды



16 мамыр күні Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қаламгерлер мен баспагерлерді, кітапқұмар қауымды айрықша қуантқан Жарлығы шықты. Қоғамға тың серпіліс әкелген Жарлықта «Адами капиталды дамыту, қоғамның зияткерлік және мәдени әлеуетін нығайту, білім беру, тәрбиелеу және оқу-ағарту ісінің негізгі элементі ретінде кітап оқу мәдениетін насихаттау, зерделі ұлт қалыптастыру, сондай-ақ, шығармашыл, жасампаз және бәсекеге қабілетті тұлғаны дамыту үшін жағдай жасау мақсатында қаулы етеміз», – деген тарихи талап тұжырымдалған. Бұл – зерделі ұлт қалыптастыру бағытындағы іс-шараларға қолдау көрсету деңгейі едәуір артып, қарқынға қарқын қосылады деген сөз. Бұл – Қазақстан өз халқын, соның ішінде, жас ұрпақтың интеллектуалдық сапасын, бәсекеге қабілеттілігін, білімін арттыруға бел буды деген сөз. Бұны «Білекті – бірді, білімді – мыңды жығалды» деген даналықты санасына сіңірген халықтың оңды қадамы деп білеміз. Бұл бағытта Қарағанды облысы көшті бастаған аймақтардың қатарында деп бек сеніммен айта аламыз. Сонымен, бұл Жарлықтың қазақ халқы үшін маңыздылығы неде? Тарқатып көрелік.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өңірдегі серпіліс

Президент Жарлығындағы бірінші маңызды тармақшаларға назар салайықшы. Жарлықта: «оқырмандарға арналған заманауи инфрақұрылымды дамыту: цифрлық құралдарды кеңінен қолдана отырып, жаңа форматтағы кітапханалар, қоғамдық кеңістіктер құру», – делінген.

Бүгінгі өңірде Қарағанды облысының аумағындағы барлық кітапханалар цифрландырылып жатыр. Кітапханаға оқырман тарту мақсатында жаңа әдебиеттердің жарнамалары әлеуметтік желілер мен сайттарға жариялана бастады. Бүгінде жастар арасында трендке айналып, мол аудиторияны қамтып отырған подкаст алаңдар да шығармаларды талқылауда. Соның жарқын үлгісін көрсетіп отырған бірден-бір рухани-ят ошағы – Н.Гоголь атындағы Қарағанды облыстық әмбебап ғылыми кітапхана.

– 2025 жылдан бастап әлеуметтік желілерде подкаст ұйымдастырылған. Подкастқа өңірдің белгілі қаламгерлері спикер болды. Белгілі шығармалар талданды. Нәтижесінде 30 мыңға жуық қаралым жиналды. «Менің сүйікті кітапханам» жобасы да жемісін берді. Бұл жобадан оқырмандар өздерінің сүйікті жазушыларының шығармаларымен етене танысты. Әлеуметтік желіде кітап жарнамасына қатысты «Оқырман ұсынады», «Жаңа кітаптар дегустациясы», «Сыйға тартқан жаңа кітаптар», «Жаңа кітаптар галереясы», «Балаларға базарлық» деген сияқты 14 айдарымыз бар. Кітапқа қатысты 100-ден астам бейнеролік түсірілді. Жалпы айтқанда, кітапханамыздың әлеуметтік желісінде 170 мыңнан астам қаралым бар. Парақшамызға 5 мыңнан астам оқырман тіркелген. Жалпы, өңір тұрғындарының кітап оқуға деген қызығушылығы өте жоғары. Бүгінде кітапханаға келіп кітап алушылардың қатары қалың, – деді Н.Гоголь атындағы Қарағанды облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы басшысының міндетін атқарушы Гауһар Үмбетдинова.

Қарағандыдан бөлек аудан орталықтары мен шалғай ауылдардағы кітапхана қорын толықтыруға ынтылау белсенділер шығып, өз жобаларын жүзеге асырып жатыр. Солардың бірі – «Кітап – қазына» жобасы. Биыл бастау алды. Жетекшісі және авторы – Дастан Жаксығали. Ол бұл жобаны өңір тұрғындарының кітап оқуға деген қызығушылығын көргеннен кейін қолға алғанын айтады.

– Жоба аясында ең алғашқы сапарым Қарқаралы ауданындағы Томар ауылына жасалды. Еңкейген қариядан, мектептегі балаға дейін кітапқа құмар. Ауыл кітапханасындағы барлық кітаптарды оқып тауысқан екен. Маған сол ауылдың қалталы азаматтары қаржылай көмек беріп, кейінгі жылдары жарық көрген 200-ге жуық кітапты сатып алды. Азаматтар балалардың білімін арттыру жолында кез келген көмек жасауға әзір екендерін жеткізді. Сөздерінен ұрпаққа деген жауапкершілік байқалды. Салтанатты түрде жаңа кітаптарды табыстаттық. «Бүгінгі балалар тек гаджетке, компьютерге қуанады» деп айтылып жүр. Томар ауылына барып, бәрі негізсіз екенін

көрдім. Балалардың қуанышында шек жоқ. Меніңше, осындай жобаларды көбейту керек. Өйткені, облыста қаншама ауыл бар. Белсенді азаматтар төбе көрсетіп, сол шалғай ауылдарға барса, кітапханаларының қорын толықтырса деген арманым бар. Халыққа кітап қажет, – деді Дастан Жаксығали.

Қарағанды облысында биыл Алаш баласын жалт қаратқан «Тұлпар мініп, ту алған» байқауы өткен еді. 114 беттен тұратын «Бөгенбай батыр» жырын жатқа айту керек болды. 4 мыңнан астам оқушы өтініш берді. Соның ішінде 70-ке жуығы – өзге этнос өкілдері. Бүгінде әлеуметтік желіні ашып қалсаңыз, батырлар жырынан бөлек, Абай Құнанбайұлы, Мағжан Жұмабаев секілді заңғар ақындардың шығармаларын мәнгерлеп оқып, мыңдаған қаралым, жүздеген лайк, пікір жинаған өзге этнос өкілдерін көресіз. Бұл – жобаның жемісі.

Үміткерлер «Бөгенбай батыр» жырының Тастыбай Жағпарұлының нұсқасын жаттады. Сонымен қатар, көнерген, тарихи сөздердің мағынасын ашып, географиялық жер-су атауларын ажыратуға керек болды. Жобаға облыс әкімдігі мен «AMANAT» партиясы мұрындық болды.

Байқаудың аудандық, қалалық кезеңдерінде топ жарған өнерпазға 150 мың теңге, II орынға 100 мың, ал, III орынға 70 мың теңге қаржылай сыйлық табысталған еді. Ақтық сында қазылар алқасының шешімімен үздік атанған Райана Әмірхановаға 1 млн теңге, ал, ұстазы

қоғам қалыптастырсақ, ертеңі күні озық мемлекеттермен тереңіземіз теңесіп, бәсекеге қабілетті ел боламыз. Жалпы, халықтың осындай рухани жобаларға сусап отырғанына жобаны жүзеге асыру кезінде көзіміз жетті, – деді жобалық кеңсе жетекшісі Дана Бактығалиева.

Жарлықтағы бірнеше тармақшаға тоқталайық. «Туындылары жас ұрпақты Қазақстан Республикасы Конституциясының негізгі қағидаттары мен ережелерін құрметтеу рухында тәрбиелеуге ықпал етіп жүрген отандық жазушылар мен ақындарды қолдау; баспагерлер мен кітап өнімін таратушылардың мемлекет үшін пайдалы қызметтерін ынталандыру; ұлттық әдеби мұраны ел ішінде және шетелде насихаттау», – деген талап бар Жарлықта.

Президент Үкіметке нақты тапсырмалар берді. «2026 жылғы 1 қыркүйекке дейін «Жылдың 10 оқырманы» республикалық жобасын іске асыруға кіріссін» делінген. Енді еліміздің әр өңіріндегі үздік оқырмандар республикалық деңгейде үздік атануға талпынады. Бұл жұлде халық арасында кітап оқу мәдениетін қалыптастыруға сенімді серпіліс берері анық.

Президент Жарлығында маңызды хәм ауқымды бетбұрыстарды жасауды интеллек дәуіріне икемделуіне басымдық берді. «Жасанды интеллекттің дамыту жағдайында 2026 жылдың соңына дейін Кітап оқу мәдениетін

осындай ашық әңгімеге жағдай жасалған орталарда қозғалды. Өйткені, қазақ әңгімесінің бір тақырыбы – кітап. Яғни, қазақ кітапқа ешқашан бейжай қараған емес.

Қоғам да адамның ағзасы сияқты. Тәніне вирус енсе, дабыл қағып, өзіне керек дәруменді саналы, немесе, бейсаналы түрде сұрайды, талап етеді. Бұл – сау ағзаға тән қасиет. Қазақ қоғамына кітап керек.

Мәселеге күрделі жолдармен емес, төтесінен қаралық. Кітап оқымай кететіндей елімізде кітапханалар қасақана жабылып, саудасына тыйым салынған жоқ. Кітап оқуға қарсы үгіт-насихат айтылмады. Керісінше, кітаптың пайдасы мен оны оқудың маңызы хәм мәнін дәріптеп келеміз. Кітап туралы қазақ, тіпті, әлем ғұламаларының ұлағатты сөздері барлық оқу орындарының маңдайшаларына, көшелердегі билбордтарға дейін ілінді. Мәселе көпшіліктің өз таңдауында болды.

Кез келген саналы ұлт кітапханасын іздейді. Әбіш Кекілбаев «Адамды адам еткен – кітап, адамзат еткен – кітапхана» деді. Кітап оқымай кету – ойлау қабілетінің, тарихи сананың, азаматтық мәдениеттің әлсіреуіне әкеп соқтырады. Кітап оқымайтын қоғам эмоциямен тез басқарылатын, бірақ күрделі мәселелерді талдай алмайтын қоғамға айналуды мүмкін. Бұл кейбір елдерде саяси трагедияларға дейін апарған. Сөздік қор азайып, сапасы нашарлап, ана тіліне қауіп төнеді. Ал, тіл жоқ болса, халық та жоқ. Тізе берсек, зардабы көп. Біз тек айсбергтің басын ғана айтып отырмыз.

Бәрімізге аян себептер

Кітаптың қадірсізденіп кетуінің ең басты себептерінің бірі – гаджет. Бұл – біздің, тіпті, әлеуметтанушылардың емес, халықтың ортақ пікірі. «Халық айтыс, қалып айтпайды», – деген мызда болған қатерлі процесс.

Гаджеттер пайда болып, интернет жылдамдығы артып, адам баласы өзіне керек ақпаратты алақандай ғана құрылғыдан ала алатын мүмкіндікке ие болды. Оқырман аудиториясының басым бөлігін құрап келген мектеп оқушылары мен жоғары оқу орындарының студенттері. Кітап оқу мәдениетінің ең қайратты, жалынды әскері керекін ғаламтордан іздеп кетті. Бәрі оңайлады. Алдыңғы толқынның «жастар кітап оқымайды» деп дабыл қағуы осы кездерде басталды. Ал, «Оқу – инемен құдық қазғандай» еді ғой бұрын. Айдың екінші жағы болады. Әуелден әр нәрсенің мөлшерін білмек керек. Өкінішке қарай, сол мөлшерден асып, межеден аттап, зардабын тартып отырмыз.

Балабақшадағы баладан да арылуы қиын психикалық дерттер анықталуда. «Балаларымыз өзге тілде шүдірлейді, өз ана тілін білмейді» деп дабыл қағып едік. Енді тілдері мүлдем шықпай жатыр. «Балам қандай тілде сөйлесе де бәрібір, әйтеуір тілі шықса болды» деп зар қақсап жүрген ата-аналар көп. Ғаламтордағы ашық дреккөздерге көз салсақ, логопед маманына кейінгі 3-4 жылдың мұғдарында

Сонау дәуірлерден бері қайырсаңыз, қисса-дастандарды, эпостарды, жырларды жаттаған, қырдағы қойшысына дейін, даладағы диқанына дейін кітап оқыған жұрт едік. Оқу, іздену, жаттау, ой түйу, сіңіру – қазақтың қанына сіңген қасиет.

сұраныс күрт артқан.

Енді біреулері кітаптың оқымай кетуіне капитализм дәуірі себеп деп есептейді. «Қайдағы кітапты айтып тұрсың?! Бала-шағаны асырау керек. Несие, ипотeka төлеу керек» деген күйінішке толы әңгімелерді талай жыл бойы естіп келеміз. Тағы да сол тақсиде, дастарқан басында, көшеде, тағысын тағы. Кітап оқу – тұрмысқа да байланысты екенін жоққа шығара алмаймыз. «Сананы тұрмыс билейді».

Бұл – біздіңше, одақ құлап, тепсе темір үзетін шағы тоқсаныншы жылдарға тап келіп, күнкөріс қамымен әуре-сарсанға түскен буынның жадына бекіген негізгі фактор. Бенджамин Франклиннің «Соғыстың вексельдері (кепіл қағаздары бойынша), төлем соғыстың өз кезінде емес, төлемнің ең үлкені соғыстан кейін болмақ» деген доп айтылған сөзі бар. Дөп дейтіміз, осы уақытқа дейін болған соғыстардың соңы міндетті түрде ашыққа ұласып отырған. Мәселе соғысқа қатысқан ересектер мен зұлматтың зардабын тартқан жас буынның жадында болып тұр. Жадыдағы соғыс жаңғырығы. Бенджамин Франклиннен келтірген сөзіміз – әңгімемізге қосылған тұздық қана. Бұл жерде біз кітапты, яғни, жанның азығын амалдың жоқтығынан тән азығы үшін шетке ысыра тұрған толқынның біразға дейін тарқамаған әсерін айтқымыз келді.

«Ақшаны табуға ден қойғандар, байлар кітап оқымайды» деген стереотип те қалыптасыпты. Бұл қайдан шыққаны белгісіз? Біздіңше, ақылға қонымас сөз. Кәсіп ашып, ақша табу үшін де жүйелі, іргелі білім керек. Ата-ана баласын білім жиып, кәсіп үйреніп, мал тапсын, қатарға қосылсын деп оқытатынын ескеріңіз. «Егіннің ебін, Сауданың тегін, Үйренің, ойлап, мал ізде» (Абай).

Сонау дәуірлерден бері қайырсаңыз, қисса-дастандарды, эпостарды, жырларды жаттаған, қырдағы қойшысына дейін, даладағы диқанына дейін кітап оқыған жұрт едік. Оқу, іздену, жаттау, ой түйу, сіңіру – қазақтың қанына сіңген қасиет.

Салдары

Адамзат баласының күнін кітапсыз елестетіп көрелік деп әуреленбейік. Тарих сөйлесін.

Фашистік Германияда халықтың бір бөлігі эмоциялық насихатқа беріліп, күрделі философиялық және сыни ойлаудан алыстады. Өйткені, кітаптарды өртеу акциялары өтті, интеллектуалдар қудаланды. Бұл кейін Екінші дүниежүзілік соғыс пен Холокост трагедиясына алып келді. Камбоджада 1970 жылдары Пол Пот режимі білімді адамдарды жау санады. Кітап мәдениеті, ғылым, интеллигенция жойылды. Нәтижесінде миллиондаған адамның өмірін қиған геноцид ұйымдастырылды. Солтүстік Кореяда ақпараттың еркін айналымы шектелген жерде адамдар көбіне

біржақты насихатпен өмір сүрді. Әдебиет пен еркін ойлау бақылауда болғандықтан, қоғамда сыни ойлау әлсіреді. Яғни, ұлттың интеллектуалдық сапасы төмендеді. Сарапшылардың дерегіне, АҚШ-тың өзінде де кейінгі жылдары жастардың ұзақ мәтін оқуға зейіні төмендеп бара жатыр. Салдарынан жастардың басым бөлігі бұзақылыққа бет бұрып, алкаголь мен есірткіге тәуелділердің көрсеткіші күрт көтерілген. Бостандығын шектеу арқылы түзеу мекемелері лық толған. 1966-1976 жылдар аралығында Қытайда «Мәдени төңкеріс» орын алды. Мао Цзэдунның бастамасымен Қызыл гвардия интеллигенцияны, мұғалімдерді, жазушылар мен суретшілерді «буржуазиялық

элемент» деп қыспаққа алып, кітаптарды, өнер туындыларын, тарихи мұраны халықтан жасырып тастады. Салдарынан білім жүйесі әлсіреді, интеллигенция мен ғылыми кадрлар азайып, елдің технологиялық дамуы тежелді, өкінішке толы әңгімелерді талай жыл бойы естіп келеміз. Тағы да сол тақсиде, дастарқан басында, көшеде, тағысын тағы. Кітап оқу – тұрмысқа да байланысты екенін жоққа шығара алмаймыз. «Сананы тұрмыс билейді».

Бұл – біздіңше, одақ құлап, тепсе темір үзетін шағы тоқсаныншы жылдарға тап келіп, күнкөріс қамымен әуре-сарсанға түскен буынның жадына бекіген негізгі фактор. Бенджамин Франклиннің «Соғыстың вексельдері (кепіл қағаздары бойынша), төлем соғыстың өз кезінде емес, төлемнің ең үлкені соғыстан кейін болмақ» деген доп айтылған сөзі бар. Дөп дейтіміз, осы уақытқа дейін болған соғыстардың соңы міндетті түрде ашыққа ұласып отырған. Мәселе соғысқа қатысқан ересектер мен зұлматтың зардабын тартқан жас буынның жадында болып тұр. Жадыдағы соғыс жаңғырығы. Бенджамин Франклиннен келтірген сөзіміз – әңгімемізге қосылған тұздық қана. Бұл жерде біз кітапты, яғни, жанның азығын амалдың жоқтығынан тән азығы үшін шетке ысыра тұрған толқынның біразға дейін тарқамаған әсерін айтқымыз келді.

«Ақшаны табуға ден қойғандар, байлар кітап оқымайды» деген стереотип те қалыптасыпты. Бұл қайдан шыққаны белгісіз? Біздіңше, ақылға қонымас сөз. Кәсіп ашып, ақша табу үшін де жүйелі, іргелі білім керек. Ата-ана баласын білім жиып, кәсіп үйреніп, мал тапсын, қатарға қосылсын деп оқытатынын ескеріңіз. «Егіннің ебін, Сауданың тегін, Үйренің, ойлап, мал ізде» (Абай).

Сонау дәуірлерден бері қайырсаңыз, қисса-дастандарды, эпостарды, жырларды жаттаған, қырдағы қойшысына дейін, даладағы диқанына дейін кітап оқыған жұрт едік. Оқу, іздену, жаттау, ой түйу, сіңіру – қазақтың қанына сіңген қасиет.

Сөз соңы

Геосаяси карта мың құбылып тұр. Адамзат жана дәуірдің табылдарынан аттады. Біртұтас халық болып өмір сүру үшін талаптар күшейді. Жер бетіндегі халықтар көштен қалмас үшін шама-шарқына, қарым-қабілетіне қарай әрекет етіп жатыр. Алаш арыстарын еске алыңыз. Қиын-қыстау кезеңдерде халықтың сауатын ашуға, білім-ғылым үйретуге күш салды. Қазір жағдай басқаша. Барлық есік ашық.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бұл Жарлығын осындай аумалды-төкпелі ғасырда ұлтты кемелдендіру мақсатында жасаған батыл әрі халық үшін ең қажетті қадамы деп ұққанымыз абзал. Кез келген халықтың қаруы да, қорғаны да, сарқылмайтын байлығы да – зердесі. Батырып айтсақ, әңгіме былай: оқудан алыстаған, өзін-өзі тұнғалық тұрғыдан дамытуға салғырт қараған, өресі төмендеген халықтың мемлекет болып ұйысып отыруы қиын шаруа.

Суреттерді түсірген **Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

• ФОРУМ

Бизнеске талант керек пе?

Қарағандыда көктемнің ең көп талқыланған бизнес-форумының бірі – SHANYRAQ форумы. Бұл – Қазақстан бойынша жоспарланған жылдық тұр аясындағы екінші бизнес-форум. Серік Сәпиев атындағы бөке орталығында өткен форумға Қазақстаннан 450-ден астам кәсіпкер, сарапшы, топ-менеджер және шағын әрі орта бизнес өкілдері жиналып, 2026 жылдың басты сұрағын ашық талқылады. Ол – дағдарыс жағдайында бизнес қалай өмір сүріп, бейімделіп, дамиды?

Форум жыл сайын «Елдің тамыры – кәсіпкерлерде» деген философиямен өтеді. Биыл да осы идея іс-шараның негізгі өзегіне айналды.

Бүгінде SHANYRAQ Қазақстандағы кәсіпкер мәртебесін біртіндеп өзгертіп жатқан қозғалысқа айналып келеді. Форум кәсіпкердің тек «шағын бизнес өкілі» немесе экономиканың жеке секторы емес екенін көрсетеді. Кәсіпкерлер – жұмыс орындарын ашып, аймақтарды ұстап тұрған, өндірісті дамытып, елге инвестиция құйып, жаңа Қазақстан экономикасын қалыптастырушылар. Бүгінде бизнестің мүлде жаңа шынайылықта жұмыс істеп жатқаны ашық айтылды. Салық жүктемесінің артуы, табыстылықтың төмендеуі, жарнаманың қымбаттауы.

Форумда негізгі назар тек отандық кәсіпкерлер мен жергілікті тәжірибеге аударылды. SHANYRAQ сахнасында шетелдік «жұлдыз» спикерлер, батыстық теориялар немесе Қазақстан нарығына сәйкес келе бермейтін амбебап кейстер жоқ. Мұнда тек Қазақстанда жұмыс істеп жүрген кәсіпкерлер сөз сөйлейді. Олар дағдарысты өздері бастан өткеріп, ел ішінде бизнес құрып, жергілікті нарықтың ерекшелігін жақсы түсінеді.

Биыл қатысушылардың назарын форум атмосферасы ерекше аударды. Көптеген қонақтар мен кәсіпкерлер ұлттық киіммен келді. Бұл SHANYRAQ-тың патри-



оттық ұстанымын және аудиторияның жобаға деген көзқарасын айқын көрсетті. Алаңда қазіргі қазақстандық кәсіпкерлік тек экономиканы ғана емес, ұлттық болмысты, мәдениетті және тамыра деген құрметті де дамыту керек деген ой жиі айтылды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, алдағы уақытта ұлттық дресс-код форум концепциясының бір бөлігіне айналуы мүмкін. Бұл – Қазақстан халықтарының бірлігі мен кәсіпкерлерді ортақ құндылықтар төңірегінде біріктірудің символы болмақ.

Форумдағы ең көп талқыланған тақырыптың бірі – кәсіпкерлік ойлаудың трансформациясы болды. Көптеген қатысушылар SHANYRAQ кәсіпкерлерді күнделікті «операционканың» шеңберінен шығуға көмектесетінін айтты. «Жалғыз қасқырдың тұзағы – кәсіпкердің тек өз бизнесінің ішінде қайнап, кеңірек ойламауы. Өсуді тежейтін ең үлкен фактор – осы», – деп бөлісті қатысушылар. Сондай-ақ, арзан маркетинг дәуірінің аяқталғаны туралы пікір де үлкен резонанс тудырды. Спикерлердің басым бөлігі жарнама мен клиент тарту құны кемінде екі есе өскенін айтып, бизнестің алға жылжу тәсілдерін толық өз-



гертуі қажет екенін жеткізді.

Панельдердің бірінде: «Егер ертең Instagram бұғатталса, не істейсіз?» деген сұрақ қойылғанда, зал іштей тынып қалды. Бұл тақырып бизнестің цифрлық тәуелсіздігі, жеке медиа, CRM-жүйелер, Telegram қауымдастықтары және клиенттік базамен тікелей жұмыс істедудің маңызын талқылауға себеп болды. «Instagram – жалға алынған территория. Бүкіл бизнесті соның ішінде қалдыру – үлкен тәуекел», – деген пікірлер айтылды. Қарағандыда ұйымдастырушылар кәсіпкерлік қауымдас-

Соңғы үш жылда форум Қазақстан мен Өзбекстанда 12 іс-шара өткізіп, 33 000-нан астам қатысушыны, 100-ден аса қазақстандық спикерді жинады және 100 миллионнан астам digital-қамтуға қол жеткізді.

тықты күшейту үшін бірнеше жаңа формат енгізді.

Негізгі жаңашылдықтардың бірі – амбасадорлық бағдарламаның іске қосылуы. Алғаш рет Қарағандыдан 26 қатысушы SHANYRAQ-тың ресми амбасадоры атанды. Олар – жобаның

құндылықтарын бөлісіп, Қазақстанның түрлі қалаларында қауымдастықты дамытуға атсалысатын кәсіпкерлер.

Форумда өз тәжірибесімен және практикалық құралдарымен Адиль Тасболатов (Royal Flowers), Гүлбану Майгарина (Lanzhou), Рудольф Сукут (StarBuilding), Александр Дорошенко (Woorpay), Ерлан Әшім (Natige), Нұрхан Жұмабеков (Абай тігін фабрикасы), Тимур Дурмағамбетов (Smetahub), Айзат Алкенов (Bellady) және басқа да қазақстандық кәсіпкерлер бөлісті. Форум аясында өндіріс иелері, IT-компания басшылары, құрылыс жобаларының жетекшілері, мейрамхана желілері мен маркетинг агенттіктерінің иелері танысып, жаңа серіктестіктер мен бірлескен жобаларды талқылады.

«Мен өзімді жүз пайыз бақытты сезінемін. Өйткені, бұл форум – менің миссиямның жүзеге асуы. Бұл – жасампаздық пен өз ісіне деген махаббат туралы. Ерлан Әшім айтқандай: «Кәсіпкер – ең алдымен Адам» SHANYRAQ – адамдар туралы жоба. Менің миссиям – адамдарды біріктіретін кеңістік құру», – дейді форумның негізін қалаушы әрі ұйымдастырушысы Маргарита Боярова.

Соңғы үш жылда форум Қазақстан мен Өзбекстанда 12 іс-шара өткізіп, 33 000-нан астам қатысушыны, 100-ден аса қазақстандық спикерді жинады және 100 миллионнан астам digital-қамтуға қол жеткізді. Қарағандыдан кейін форум Қазақстан бойынша турын жалғастырады. Алда

– Атырау, Астана, Шымкент және Алматы қалалары.

Алуа БАҒДАТҚЫЗЫ,
ҚарҰЗУ ІІ курс студенті

Суреттерді түсірген
Дастан ЖУМАҒАЛИЕВ



Есірткі есті алмасын

Есірткінің шырмауы қоғамды алаңдатарлық халінен әлі түскен жоқ. Оның алдын алу – жекелеген тәртіп сақшыларымен қатар, саламаттық өмір салтын насихаттаған әрбір жанның борышы. Осы мақсатта аймақта да жүйелі жұмыс жүргізіліп келеді. Соның жарқын бір мысалы – Орталық саябақта өтті. Бұл – нашақорлыққа қарсы республикалық акция.

Оның ашылу салтанаты Қарағанды қаласының орталық саябағында ұйымдастырылды. Ашылу салтанатында жастарға есірткі қылмысы туралы жан-жақты түсіндірілді.

Айлық аясында өңір бойынша профилактикалық акциялар, спорттық және мәдени-көпшілік шаралар, жастармен кездесулер мен кең көлемді ақпараттық-түсіндіру жұмыстары өткізіледі. Басты мақсат – қоғам назарын нашақорлық мәселесіне аудару, жастарды зиянды әдеттерден сақтандыру және саламаттық өмір салтын дәріптеу.

Облыстық полиция департаментінің есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының бөлім бастығы Данияр Жақұдаев өңірдегі профилактикалық жұмыстарының мән-маңызына тоқталды.

– Бұл мәселе тек бізде ғана емес, әлемде өзектілігін жоймай тұр. Нашақорлықтың алдын алу және де есірткіге қарсы күрес күніне орай жастардың игі істерге атсалысқанын қалаймыз. Себебі, жастар – ел болашағы. Оларсыз келешектің кемелденуі мүмкін емес. Полициямен бірге барша қоғам бірлесіп, есірткіге қарсы болсақ, еліміздің өркендеуіне үлес қосамыз, – деді Данияр Әбілқасымұлы.

Акция аясында жастар арасында марафон өтті. Әрі бір-бірімен танымдық мақсатта байланыс орнатты.

Бекет ҚУАНЫШ,
ҚарҰЗУ ІІ курс студенті

• ІШТЕ ПІКІР ӨЛГЕНШЕ...

Сарсаңға салған соңғы қоңырау

Жыл сайын мамырдың соңында мектептерде соңғы қоңырау соғылып, оқушылар үшін маңызды бір кезең аяқталады. Әсіресе, 11-сынып түлектері үшін бұл күн ерекше мәнге ие. Осы күннен кейін оқушылар арасында той-думан ұйымдастырылып, оны мереке ретінде атап өту дәстүрге айналған. Алайда, бұл туралы қоғамда пікір сан алуан. Бірі «Жастардың еңбегінің жемісін атап өтудің заңды жолы» деп есептесе, енді бірі «мұны орынсыз шығын мен тәртіпсіздікке апаратын әрекет» – дейді.

Бұл қоғамда жыл сайын көтерілгенімен, әлі күнге дейін нақты шешімін ешкім таппады. Мәжіліс депутаты Асхат Аймағамбетов те атап өтті. Ол әр министр түрлі шектеулер енгізіп, арнайы бұйрықтар да қабылдағанын айтты. Дегенмен, бұған дейін бәрі қағаз жүзінде қалды. Сонымен қатар, ол банкет мәселесінде жауапкершіліктің кімде екенін нақтылады. Асхат Аймағамбетов айтқандай, мұғалімдер оқушылардан ақша жинау, қымбат мереке ұйымдастыруды талап етпейді. Керісінше, мектеп басшылығы мен ұстаздар ысырапшылдыққа жол бермеуге тырысады, барынша мектеп қабырғасында өткізуді ұсынады. Алайда, соңғы шешім ата-анада.

– Мұндағы тағы бір маңызды мәселе – жауапкершілік. 25 мамырдан кейін оқушылардың қауіпсіздігі үшін мектеп емес, тікелей ата-аналар жауап береді. Өкінішке қарай, кейбір өңірлерде мұғалімдерді түнгі уақытқа дейін тойхананы «күзетуге» қалдыратын жағдайлар да кездеседі. Бұл – дұрыс емес. Себебі, мұғалімнің негізгі міндеті



– білім беру, ал, оқушыларды бақылау немесе күзету оның қызметіне кірмейді, – деді Мәжіліс депутаты.

Ал, депутат Ирина Смирнова мұндай кештерге мүлдем тыйым салу керек деген пікірде. Оның ойынша, той-томалақ көптеген мәселенің туындауына себеп. Сондықтан, оларды заң жүзінде шектеу қажет. Бұл мәселеге ата-аналардың да көзқарасы әртүрлі. Қарағандылық ата-ана Венера Мусина бұл күннің оқушылар үшін маңызды екенін айтқанымен, қазіргі той-думандар шектен тыс шығынға айналуға деп алаңдайды.

– Баламыздың мектеп бітіруі – біз үшін де ерекше күн. Өрине, оқушылардың қуанып, сыныптас-тарымен қоштасып, естелік кеш өткізгісі келетіні түсінікті. Бірақ,

қазіргі кезде кейбір банкеттер әрі қымбат, әрі бәсекеге айналып кетті. Қымбат мейрамхана, сәнді киім, лимузин сияқты дүниелердің бәрі ата-анаға салмақ. Ең бастысы – баланың амандығы мен тәрбиесі. Сондықтан банкет қарапайым, қауіпсіз және артық шығынсыз өткені дұрыс, – деді Венера Мусина.

Енді мұның оң жақтарына тоқталайық. Оқушылар мектеп қабырғасында ұзақ жыл білім алып, көптеген естеліктер жинайды. Сондықтан, мереке етіп, той жасау – сол кезеңмен әдемі қоштасудың бір тәсілі. Бұл кеште оқушылар бір-біріне алғыс айтып, мұғалімдермен қоштасып, балалық шақтарын еске алады. Мұндай сәттер адам өмірінде маңызды орын алады.

Сонымен қатар, дұрыс ұйым-

дастырылған кеш мәдениетті де, малымса айналуы мүмкін. Арнайы бағдарлама, тәрбиелік мәні бар сөздер, қарапайым форматтағы кеш – мұның бәрі оқушылар үшін пайдалы әрі есте қаларлық болуы мүмкін. Десек те, кештің кері жақтары да жоқ емес. Ең алдымен – қаржылық мәселе. Қымбат мейрамханалар, сәнді киімдер, қосымша қызметтер ата-аналарға салмақ. Бұл кейбір отбасылар үшін оңай емес. Екіншіден – қауіпсіздік мәселесі. Кей жағдайларда бақылаусыздықтан түрлі жағымсыз оқиғалар орын алуы мүмкін. Үшіншіден, банкет кейде бәсекеге айналып кетеді. Оқушылар арасында «кімнің тойы жақсы?», «кімнің киімі қымбат?» деген түсінік қалыптасады.

«Дарын» мамандандырылған

мектеп-лицей-интернатының мұғалімі Арайлым Мекеева өз пікірін білдірді.

– Соңғы қоңырау – оқушылар үшін ерекше әрі есте қалатын күн. Сондықтан, әр отбасы бұл сәтті өзінше атап өткісі келеді. Дегенмен, ең бастысы – кештің қауіпсіз әрі ұйымшыл түрде өтуі деп ойлаймын, – дейді Арайлым Мекеева.

Осы айтылғандарды ескере отырып, банкетке біржақты баға беру қиын. Бұл мәселенің дұрыс немесе бұрыс болуы оны ұйымдастыруға байланысты. Кеш қарапайым, қауіпсіз және тәрбиелік мәні бар түрде өтсе, орынды. Егер ол ысырапшылдық пен тәртіпсіздікке әкелсе, онда қажеті шамалы.

Сондықтан, ең оңтайлы шешім – ортақ келісім. Мектеп, ата-ана және оқушы бірігіп, тиімді форматты таңдауы керек. Мысалы, мектеп ішінде қарапайым кеш немесе табиғат аясында шағын жиын ұйымдастыруға болады.

25 мамырдан кейін кеш өткізу – қазіргі қоғамдағы даулы тақырыптардың бірі. Бұл мәселе жыл сайын көтерілгенімен, нақты шешімін табу үшін әр тарап өз жауапкершілігін түсінуі қажет. Ең бастысы – бұл күннің мәнін ұмытпау: ол – білім алған жылдарды қорытындылап, болашаққа сеніммен қадам басатын күн.

Мектеппен қоштасып, жаңа өмірге қадам басатын сәтті әр отбасы есте қаларлықтай өткізгісі келеді. TikTok пен Instagram желілерінде тараған жаңа үрдіс қоғамда түрлі пікір туғызуға. Ол – мектеп бітіруші түлектерге көлемі адам бойындай үлкен гүл шоқтары сыйлау. Әлеуметтік желілерде сөнге айналған бұл көрініс бастапқыда әдемі әрі әсерлі болып көрінуі мүмкін. Түрлі-түсті алып гүлдер, қымбат безендірулер, ерекше орнамалар, бәрі де видео мен фотоға әдемі шығады. Бірақ, осы трендтің екінші

жағы да бар. Көп жағдайда мұндай «сәнді сыйлықтар» ата-аналарға материалдық және психологиялық ауыртпалық.

TikTok желісінде тараған видеолардың бірінде тележүргізуші Айгүл Мүкей де бұл құбылысқа қатысты пікір білдірді:

– Бұл талғамның жоқтығы, тіпті, сыған тойына ұқсап тұр, – деп сын айтқан. Ол соңғы қоңырау білім мен тәрбиені бағалайтын күннен гөрі бір-бірінен асып түсу жарысына айналып кеткендей. Бұл пікір әлеуметтік желі қолданушылары арасында қызу талқыланды.

Қазіргі таңда гүл шоқтарының бағасы өте қымбат. Кей ата-аналар «Баласының көнілі қалмасын, өзгерлерден кем көрінбесін» деп, қарызға кіріп болса да, қымбат гүл алуға тырысады. Бір оқушыға алып гүл сыйланса, екіншісі де сондай күтеді. Осылайша қарапайым мереке бәсекеге айналып бара жатқандай. Мұндай жағдай, әсіресе, көпбалалы, қаржылық жағдайы орташа отбасыларға ауыр тиеді. Кейбір ата-аналар күнделікті қажеттіліктің өзін әрең жауып жүргенде, бір күндік сән үшін қомақты қаражат жұмсауға мәжбүр. Көпшілік «Осыныша ақшаны уақытша нәрсеге жұмсау дұрыс па?» деген сұрақ қоя бастады. Гүл сыйлау – жақсы дәстүр. Бірақ, оның мөлшері мен бағасы адамның қадірін анықтамауы керек.

Соңғы қоңырау – жақсы пен даңғазға емес, оқушының өміріндегі маңызды белес. Банкет те, гүл де – тек сол күннің сәні ғана. Ең бастысы – ата-ананың қалтасы емес, баланың қуанышы мен тәрбиесі. Бір күндік мақтан үшін артық шығынға барып, бір-бірінен асып түсу қоғамға жақсы үлгі емес. Қарапайымдылық пен шынайылық бар жерде ғана мерекенің мәні сақталады.

Диляра ЖАНБЫРБАЕВА,
ҚарҰЗУ ІІ курс студенті

Бала қауіпсіздігі – басты назарда

Қарағанды облысында балалардың жазғы демалысын қауіпсіз әрі мазмұнды ұйымдастыруға дайындық күшейтілді. Биыл өңірде 130 мыңға жуық оқушы түрлі лагерьлермен, еңбек жасақтарымен және бос уақытты мазмұнды өткізу бағдарламаларымен қамтылады. Қазіргі таңда лагерьлерді лицензиялау, қауіпсіздік жүйелерін жаңарту және санитарлық талаптарға сәйкестендіру жұмыстары бақылауға алынған.



Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бүгінде облыс аумағында балаларға білім беру-сауықтыру бағытында жасақталған қала сыртындағы 13 орталық жұмыс істейді. Оның біреуі жыл бойы қызмет көрсетсе, қалған 12-сі маусымдық негізде жұмыс істейді. Жалпы сыйымдылығы 2242 орын болатын лагерьлер Бұқар жырау, Қарқаралы, Ақтоғай, Нұра аудандарында және Теміртау мен Балқаш қалаларында орналасқан. Бұл орталықтарда балалардың демалысымен қатар, тәрбиелік, танымдық және спорттық бағыттағы бағдарламалар ұйымдастырылады.

– Биылғы жылдың I сәуірінен бастап, балаларға арналған білім беру-сауықтыру қызметтерін міндетті лицензиялау нормасы күшіне енді. Осыған байланысты барлық лагерьлердің дайындығына күнделікті мониторинг жүргізілуде. Қазіргі таңда бірнеше орталық санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алса, бірқатары қажетті құжаттарын тапсырып үлгерген. Кейбір

лагерьлер жөндеу жұмыстарына байланысты өтінім беруді маусым айына жоспарлап отыр. Сонымен қатар, лагерьлердегі медициналық қызмет көрсету мәселесіне де ерекше назар аударылуда. Қазіргі уақытта бірнеше орталық мемлекеттік медициналық лицензия алған. Кейбір нысандар емханалармен келісімшарт жасаса, қалғандарында медициналық кабинеттерді талапқа сәйкестендіру және педиатр мамандармен толықтыру жұмыстары жалғасып жатыр. Әр лагерь балалардың денсаулығын бақылауды күшейту мақсатында медициналық сүйемелдеумен қамтамасыз етілмек, – деді облыстық білім басқармасының тәрбиелік жұмыс және қосымша білім беру бөлімінің басшысы Индира Искакова.

Бейнебақылау жүйелері, дабыл түймелері, интернет байланысы, бақылау-өткізу пункттері мен қоршаулардың болуы қатаң тексеріледі. Анықталған техникалық мәселелерді жою бойынша шұғыл жұмыстар атқарылуда.

Жазғы маусымға дайындық

барысында ата-аналармен түсіндіру жұмыстары да күшейтілді. 15 мамыр күні өткен облыстық ата-аналар жиналысына 400 ата-ана онлайн форматта қатысты. Кездесу барысында балалардың су айдындарындағы қауіпсіздігі, демалыс орындарындағы тәртіп ережелері және саламатты өмір салтын қалыптастыру мәселелері талқыланды.

Жалпы биылғы жазда облыс бойынша 130 мыңға жуық баланы түрлі демалыс және жұмыспен қамту шараларына тарту жоспарланып отыр. Оның ішінде, 35 мыңнан астамы – әлеуметтік осал топтағы балалар. Бұл санаттағы 8 мыңнан астам бала мектеп жанындағы лагерьлермен, қала сыртындағы сауықтыру орталықтарымен және түрлі үйірме, секция, еңбек жасақтарымен қамтылмақ. Мектеп жанындағы 281 лагерьде балалар тамақпен қамтамасыз етілсе, тағы 568 бейінді алаңда түрлі бағыттағы іс-шаралар ұйымдастырылады. Бұдан бөлек, жаз мезгілінде жасөспірімдерді еңбекке баулу



БОЛАШАҚ ҰРПАҚ

жұмыстары да жалғасады. Мыңға жуық жас кәсіпорындарға жұмысқа орналастырылса, 5 мың оқушы «Жасыл ел» бағдарламасы аясында еңбек етпек. Сондай-ақ, мектеп жанындағы лагерьлерде 700-ден астам еңбек жасағы құрылып, оған 44 мың бала тартылады.

Қосымша білім беру ұйымдары да жазғы кесте бойынша жұмыс істейді. Облыстағы 46 мекеме туристік, шығармашылық және зияткерлік бағыттарда қызмет көрсетеді. Сонымен қатар, мәдениет және спорт салаларындағы нысандар да балалар мен жастардың бос уақытын тиімді өткізуге жұмылдырылады. Атап айтқанда, өңірде 81 дене шынықтыру-сауықтыру кешені, 256 кітапхана, 18 музей, 134 аула клубы, 618 спорт алаңы және 193 мәдениет үйі мен клуб жазғы маусымда балаларға қызмет көрсетеді.

Өңірде өз лагерьлері жоқ аудандардың балалары үшін де демалыс орындары қарастырылған. Мемлекеттік сатып алу рәсімдері аяқталып, балалар Қостанай қаласындағы «Светофор», Алматы облысындағы «АСА», Көкшетаудағы «Чайка» лагерьлеріне және Өскемен қаласының демалыс аймақтарына жіберіледі.


20 мамырдан бастап, облыстық штаб мүшелері барлық лагерьлерге көшпелі мониторинг жұмыстарын бастады. Арнайы комиссиялар нысандардың нақты дайындығын тексеріп, қауіпсіздік талаптарының орындалуын бақыламақ. Бұл шаралар жазғы маусым алдында туындауы мүмкін мәселелердің алдын алуға бағытталған.

Жауапты мекемелердің мәліметінше, жазғы маусым басталғанға дейін барлық лагерь қауіпсіздік талаптарына толық сай болуы тиіс. Өйткені, балалардың алаңсыз демалысы мен қауіпсіздігі – басты міндет.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



Габдуллин Қали КАБДОЛЛАУЛЫ Қарқаралы өңірінде Кент тауларының баурайында 1938 жылдың 18 мамырында Қабдолла Сатыбалдылы мен Торғай Құрманбайқызының отбасында дүниеге келген. Тегі: Өлтөбет-Бөкенбай-Сексен руынан шыққан.



Мектепті алтын медальмен тәмамдап, үздік оқушы атанды. Адамдарға көмектесуді өмірлік мұрат еткен ол хирург мамандығын игерді. Бұл мамандықты таңдауға әкесінің інісі – Қарқаралы аудандық райисполкомының төрағасы болған Жансейіт Абдрахманов ағасының өмірлік жолы мен ақыл-кеңесі де үлкен әсер етті. Осылай медициналық жоғары оқу орнына түсіп, оны қызыл дипломмен үздік аяқтады. Содан, туған жеріне келіп, еңбек жолын бастады.

Ол жай ғана хирург емес еді – алтын қолды, мейірімді жүректі жан болатын. Талай жанның өміріне араша түсіп, Алланың қалауымен көптеген адамға шипа табуына себепкер болды. Оның өшпес ізі – емделген жандардың алғысында және өзін құрметпен еске алатын әр жанның жүрегінде мәңгі сақталды. Ақ халатпен ғана емес, ақ ниетпен есте қалды.

Өмірлік жары Тішкен Мұзбалақовамен отау құрып, онегелі отбасының ұйытқасы болды. Аяулы жар, асқар тау әке, ардақты ата атанып, артында өшпес із қалдырды. 3 бала тәрбиелеп өсіріп, 9 немере мен 4 шөбере сүйді.

Өкеміз өмірінің жиырма жылын Ислам дініне, құлшылық жолына арнады. Бес уақыт намазын үзбей оқып, имандылықты өмірінің басты ұстанымына айналдырды. 2012 жылы үлкен ұлы Қанатпен бірге қасиетті Мекке-Мәдинаға барып, қажылық парызын өтеп қайтты. Содан бері 13 жыл бойы қажы атанса да, оны ешқашан айтып, мақтан еткен емес. «Мен қажымын» деп кеуде қақпай, қарапайым қалпынан айнымай, адамгершілік пен сабырды серік етіп өткен ардақты әке еді.

2026 жылдың 11 маусымында өмірден озғанына да, міне, 1 жыл толады. Өзінің ортамызда болмасаңыз да, жарқын бейнесіз, асыл қасиеттеріңіз жүрегімізде мәңгі сақталды.

Кең пейілді, асқар таудай дара едің,
Жаны жайсаң, сілге сыйлы дана едің,
Алтын медаль алып шыққан мектебіңнен,
Хирург болып, талай жанға пана едің.

Ақ халатпен абыройлы еңбек етіп,
Адамдарға шипа беріп қолыңменен,
Жақсылықтың өшпес ізін қалдырып,
Арта қалды онегелі көп ебегің.

Асқар тау боп отбасыңа қорған болдың,
Жақсы жар боп, сүйіктіңе арқа болдың.
Ардақты әке, аяулы ата атанып,
Туысқа да, досқа да сыйлы болдың.

Жаның жәннаттан болсын, аяулы жан,
Есімің мәңгі жүрекке сақталар жан,
Сағынышпен еске аламыз әрқашан,
Жатқан жерің жайлы болсын, асыл әке.

Уақыт өтсе де, сағыныш басылар емес. Жарқын бейнеңіз жүрегімізде мәңгі сақталды. Жатқан жеріңіз жайлы, топырағыңыз торқа болсын, жан әке, асыл ата!

Сағынышпен еске алушы отбасыңыз.

№182

• ЖАҢА КІТАП

«Тергеуші» болашақ тергеушілердің қолында

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясында Арман Әлменбетпен кездесу өтті. Жазушы академия ұстаздарына, курсанттарға «Тергеуші» романын таныстырды.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жазушы Арман Әлменбеттің «Тергеуші» романы бүгінде оқырмандар арасына кеңінен таралып жатыр. Роман 2025 жылы Президенттің жастарға арналған сыйлығына лайық деп танылды. Бұған дейін «Сөзтүзер», «Комментатор сөздігі» кітаптары да оқырман тарапынан оң бағасын алған еді.

Кездесуде Арман Әлменбет «Тергеуші» романын жазудағы мақсаты мен жазылу барысы туралы еркін әңгіме өрбітті. Академияда тергеуші мамандығын оқып жатқан жас курсанттар авторға сауал қойды.

Арман Әлменбет бұл роман ең әуелі қоғам қауіпсіздігі жолында өз өмірлерін бәске тігіп жүрген тергеушілерге көрсетілген құрмет екенін айтты.

– Романдағы тергеушінің және басқа да кейіпкерлердің өзіндік қилы тағдыры бар. Болашақ тергеушілер романиан өзіне керекін табады деп ойлаймын. Мұнда бейнеті мол мамандықтың түрлі детальдарын ашып көрсетуге тырыстым. Тергеушілердің қызмет барысындағы ерліктерін, қайғысын, мұңын халық білмейді. Оны жариялап айтуға болмайды, әрине. Бірақ, халық өз



қаһармандарын танып, оларды құрметтеуі керек деп есептеймін, – деді Арман Әлменбет.

Суреттер автордан



Карантиндік объектілерге қарсы күрес

Қазақстанның аграрлық және экологиялық қауіпсіздігін кім қорғайды?

Қазақстанның аграрлық әлеуетін сақтап қалу – бүгінгі күннің ең өзекті мәселелерінің бірі. Елдің азықтүлік қауіпсіздігіне төнетін қауіп тек құрғақшылық немесе табиғи апаттармен шектелмейді. Көрінібейтін, бірақ ауқымды зардап әкелетін «жау» – бұл карантиндік объектілер мен бөтен текті (инвазивті) түрлер.

Карантиндік объектілер дегеніміз не? Карантиндік объектілер – өсімдіктер мен ауыл шаруашылығы өнімдеріне орасан зор экономикалық зиян келтіруге қабілетті зиянкестер, ауру қоздырғыштары және арашөптер. Еуразиялық экономикалық одақтың (ЕАЭО) талаптарына сәйкес, бүгінде карантиндік объектілердің тізімінде 182 түрі бар. Олар зиянкестер, ауру қоздырғыштар және карантиндік арашөптер деп негізгі категорияға бөлінеді.

Мемлекет «Өсімдіктер карантині туралы» Заңы және Ауыл шаруашылығы министрлігінің нормативтік актілері арқылы карантиндік бақылау жүйесін қалыптастырып, қатан бақылау жүргізеді. Мақсат біреу – сырттан келетін немесе жергілікті жерде бар карантиндік объектілердің таралуына жол бермеу.

Жергілікті деңгейдегі карантиндік бақылаудың маңызын Қарағанды облысының мысалынан көруге болады. Облыс әкімдігінің 2007 жылғы 30 мамырдағы №12/03 қаулысымен өңір аумағында жатаған (қызғылт) үкесіре және арам соя (повилика) өсімдіктері карантиндік объектілер деп танылып, арнайы аймақтар белгіленді.

Бұл арашөптер – ауыл шаруашылығы алқаптарының «қас жауы». Мысалы, арам соя өсімдігі мәдени дақылдардың бойына оралып, оның нәрлі шырынын сорып, түпкілікті өнімділіктің күрт төмендеуіне немесе алқаптың толықтай жойылуына әкеледі. Карантиндік объектілердің таралған ошақтарын анықтау және олармен күресу – үздіксіз процесс. Бұл бағытта Республикалық фитосанитариялық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығының мамандары жыл сайын ауқымды зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

Фитосанитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін келесідей кешенді шаралар қолданылады:

• **Тұрақты мониторинг:** Карантиндік объектілердің таралу аралығын анықтау үшін алқаптарды үздіксіз зерттеу.

Өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың негізгі бағыттары:

- **Фитосанитариялық бақылау және сертификаттау:** Өнімдердің тазалығын қуаландыру.
- **Залалсыздандыру:** Карантиндік объектілер анықталған ошақтарда химиялық өңдеу жұмыстарын жүргізу.
- **Карантиндік режимдер:** Ошақтарының одан әрі кеңеюіне жол бермеу үшін шектеулер қою.

Түйін Карантиндік объектілермен күрес – тек агрономдардың немесе инспекторлардың ғана міндеті емес. Бұл – еліміздің экологиялық тепе-теңдігін сақтау және ұлттық азықтүлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолындағы мемлекеттік маңызы бар ортақ жұмыс.

Әли Абылай ЖУМАНТАЙҰЛЫ
«ҚР АШМ АӨК МНҚ Қарағанды облыстық аумақтық инспекциясы» ММ
Өсімдіктер карантині және фитосанитариялық бақылау бекеттері жөніндегі мемлекеттік инспекция бөлімінің бас маманы

№110

• ҚҰҚЫҚ

Бет-жүзді жасырғандарға заң не дейді?

Қоғамдық орындарда бет-жүзін толық жабатын киім кигендерге қатысты бақылау күшеюде. Ішкі істер министрлігі мұндай талапты бұзған азаматтарға заң аясында жауапкершілік қарастырылғанын атады деп хабарлады Ortalyq.kz тілшісі Polisia.kz-ге сілтеме жасап.

Ішкі істер министрлігі қоғамдық орындарда бет-жүзді тануға кедергі келтіретін киімдерге қатысты заң талаптарын еске салды. Қолданыстағы нормаға сәйкес, адамның түр-сипатын анықтауға мүмкіндік бермейтіндей деңгейде бетті толық жабу құқықбұзушылық ретінде қарастырылады.

Бұл талап «Құқық-бұзушылық профилактикасы туралы» Заңның 75-бабы 3-тармағында көрсетілген. Дегенмен, заңда бірқатар ерекшеліктер де бар. Атап айтқанда, ауа райының қолайсыз жағдайында, медициналық қажеттілік туындағанда, сондай-ақ, қызметтік міндеттерді атқару кезінде немесе спорттық және мәдени іс-шаралар барысында бетті жабуға рұқсат етіледі.

Әкімшілік жауапкершілік Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 434-3-бабымен реттеледі. Алғаш рет тіркелген жағдайда азаматқа ескерту беріледі. Егер құқықбұзушылық бір жыл ішінде қайталанса, 10 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салынады.

Ресми мәліметке сәйкес, қазіргі таңда осы бап бойынша 1 179 азамат әкімшілік жауапкершілікке тартылған.

Аружан ЖАНКИНА,
ҚарҰЗУ II курс студенті

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің экономика және заң факультеттері бакалавриат пен магистратураның келесі мамандықтары бойынша мамандар даярлайды:

«IT-кәсіпкерлік және цифрлық экономика» (информатика+математика), «Математикалық экономика, статистика және деректерді талдау» (физика+атематика), «Экономика» (докторантура бар), «Менеджмент», «Есеп және аудит», «Қаржы», «Цифрлық мемлекеттік басқару», «Маркетинг және SMM», «Логистика», «Мемлекеттік аудит», «Әлемдік экономика», «Кәсіпкерлік және жобаларды басқару» (география+математика), «Туризм», «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» (география+шет тілі), «Құқықтану», «Халықаралық құқық», «Сот және прокурорлық қызмет», «Кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу», «Қылмыстық кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл және экономикалық қауіпсіздік», «Мемлекеттік билік және басқару органдарының қызметін құқықтық қамтамасыз ету», «Бизнесі заңдық қамтамасыз ету», «Жеке құқық» (дүниежүзі тарихы+адам, қоғам, құқық). Мем.лицензия: KZ55LAM00009976, «ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті» 29.10.2025 ж. берген, тел.: 8 (7212)35-64-05, https://buketov.edu.kz/, priemka@ksu.kz

№180

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 8:30-18:00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефонымен қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы fmk.kar@minfin.gov.kz

к

• МЕРЕЙ

Тарихтың түндігін түрген тұлға

Ақтоғай өңірінде ел тарихын түгендеп, туған жердің шежіресін жаңғыртуға өлшеусіз үлес қосқан өлкетанушы, педагог, мәдениет қайраткері, ауданның Құрметті азаматы Тұңғышбай Мұқан-ның мерейлі 80 жасына арналған тағалымды рухани кеш өтті. «Тынымсыз тұмырым» атты салтанатты шараға аудан жұртшылығы, зиялы қауым өкілдері, ардагерлер мен өнер адамдары қатысты.

Нұрдос ҚӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кеш шымдылық ерекше әсерлі театрландырылған монологпен ашылды. «Тасқа жазылған аманат» атты сахналық қойылымда көне балбал тастың тағдыры арқылы ұлт тарихы мен рухани тамыр сабақтастығы көркем бейнеленді. Дала төсіндегі үнсіз жатқан тасқа жан бітірген сахналық көрініс көрерменге туған жер тарихының тереңдігін тағы бір мәрте сезіндірді.

Мерекелік кеш барысында «Тоқырауын толқындары» ансамблінің орындауындағы «Ауылым», «Ән мекені – Ақтоғай», «Ақтоғай – алтын бесігім» әндері шырқалып, кеш мазмұнын байыта түсті. Көрермен қауым аудан өнерінің алтын дәуірін қалыптастырған тұлғаға зор ықыласын білдірді.

Салтанатты жиында сөз алған Ақтоғай ауданының әкімі Абылай Аманжолов мерейтой иесінің ел руханиятына сіңірген еңбегін ерекше атап өтті.

– Тұңғышбай Мұқанұлы – туған жер тарихын түгендеп қана қоймай, оны халықтың рухани игілігіне айналдыра білген азамат. Ақсақалымыздың тұмыры – ұлтқа қызмет етудің үлгісі. Ақтоғай өңірінің көне тарихын зерттеп, ұрпақ санасына сіңіру жолындағы еңбегі – өлшеусіз. Мәдениет пен білім саласында, театр мен өнердің өркендеуінде қалдырған қолтаңбасы – кейінгі буынға өнеге, – деді аудан басшысы.

Сонымен қатар, аудан әкімі мерей-



той иесіне аудан халқының ыстық ықыласын жеткізіп, арнайы құттықтауын табыстады. Сонымен қоса, сөз сөйлеген «Керней баба» қорының алқа мүшесі Ансаған Марғозыұлы құттықтау сөз сөйлеп, мерейтой иесінің өлкетану саласындағы еңбегіне жоғары баға берді. Өзі ұзақ жылдар қызмет атқарған мекемелер атынан Қанат Мұсаханов пен Индира Игбек сахна төріне көтеріліп, Тұңғышбай Мұқанұлының ұстаздық, басшылық және музей саласындағы өнегелі жолына тоқталды. Олар мерейтой иесінің туған жер тарихын зерттеудегі табанды еңбегі мен кейінгі буынға қалдырған рухани мұрасын ерекше ілтипатпен жеткізді.

Кеш барысында мерейтой иесінің еңбек жолына кеңінен тоқталып, оның педагогика, мәдениет және өлкетануға сіңірген қажырлы қызметі жан-жақты айтылды. Ұзақ жылдар ұстаздық етіп, аудандық агротехникалық колледжді басқарған, кейін музейде еңбек етіп, Сарыарқаның сайын даласындағы тарихи мұралар-

ды жаңғыртуға атсалысқан Тұңғышбай Мұқанұлының өмір жолы көпшілікке үлгі ретінде дәріптелді.

Әсіресе, аудандық мәдениет саласын басқарған кезеңдегі еңбегі ерекше аталды. Оның бастамасымен «Тоқырауын толқындары» ансамблі жаңа деңгейге көтеріліп, фольклорлық-этнографиялық бағытта дамып, республика көлемінде танылды. Тіпті, ұжымның Венгрия Республикасында өткен КСРО мәдениеті мен өнері мерекесіне қатысуы – аудан мәдениеті тарихындағы айтулы жетістік ретінде еске алынды.

Кеш соңында көрермен назарына мерейтой иесінің өмір жолына арналған «Тынымсыз тұмырым» атты танымдық фильм ұсынылды. Экран арқылы өткен тұмыр белестері, туған жерге деген адалдық пен ұлт руханиятына деген жанашырлық көрермен көңілін тебіртті.

Ақтоғай ауданы

Сурет автордан

• ФУТБОЛ

Өз алаңында жеңіске жетті

Футболдан Қазақстан Бірінші лига ойындарының VIII туры өз мәресіне жетті. Жерлестер бұл жолы өз алаңында семейлік «Елімай» жастар клубын қабылдап, 1:0 есебімен жеңіске жетті.

Қос команда арасындағы кездесу тартысты әрі қарқынды өтті. Екі тарап та шабуылға жиі иек артқанымен, алаң иелері ойын тізгінін көбірек ұстады. Бірінші таймның аяқталуына санаулы минуттар қалғанда алаң иелері кезекті шабуыл ұйымдастырып, айып алаңына бағытталған пасты асырған еді. Сол сәтте қарсылас команда қорғаушысы Дастан Дарханнның аяғына тиген доп қақпаға еніп, автогол тіркелді. Екінші таймда «Шахтер» допқа бақылау жасағанымен, есепті есселей алмады. Нәтижесінде, кездесудегі жалғыз гол матч тағдырын шешіп, алаң иелеріне жеңіс сыйлады.

– Ойын өте ауыр өтті. Қарсыластың қорғанысқа басымдық беретінін алдын ала жақсы білдік. Сондықтан, матч бойы шабуылдауға көбірек көңіл бөлдік. Дегенмен, қарсылас қорғанысын бұзып оту оңай болған жоқ. Есеп ашатын сәттеріміз де болды. Алайда, жас ойыншылар шешуші мүмкіндіктерді тиімді пайдалана алмады. Бұл – тәжірибенің жетіспеушілігінен. Жеңіс біз-

ге оңай келген жоқ. Қарсыластың қарымта шабуылға сүйенетінін ескертіп, кездесудің тартысты өтетінін алдын ала айтқанмын. Бірінші таймда автоголдтың көмегімен алға шыққанымызбен, үзілістен кейін есепті есселей алмадық. Допқа бақылау жасадық. Алайда, шабуылдағы мүмкіндіктерді мүлтік жібердік. Ең бастысы, команда жеңіске жетті, – деді бас бапкер Андрей Финонченко.

20 ұпай еншілеген «Алматы» жастар командасы турнир кестесінде көш бастады. Ал, «Шахтер» өз алаңындағы маңызды ойында жеңіске жетіп, 19 ұпаймен II орынға табан тіреді. Үздік үштікте 16 ұпаймен «Тараз» клубы тұр.

Енді жерлестер маусым айында үш ойын өткізеді. 12-сі сырт алаңда алматылық «Хан Тәңірі» клубымен кездесе, 19-ы өз алаңында оралдық «Жайықты» қабылдайды. Ал, 26-сы сырт алаңда «Тараз» клубымен ойнайды.

Өз тілшімізден

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан



«Ақбақайдың» жүлдесі

Ыстамбұл қаласында өткен VIII халықаралық Ethnosport Culture Festival аясында Қазақстанның ұлттық мұрасы саналатын қазақ тазысы шетелдік көрермендердің ерекше қызығушылығына ие болды. Әлемнің 20-ға жуық елінен қатысушылар жиналған беделді этноспорт алаңында Балқаш қаласының тұрғыны Ағыбай Жасанбековтің «Ақбақай» атты тазысы көпшіліктің назарын аударып, арнайы медальмен марапатталды.



Сурет облыс әкімінің сайтынан

Фестиваль барысында Қазақстан делегациясы ұлттық аңшылық дәстүрлерді, оның ішінде, бүркітшілік өнері мен тазы мәдениетін кеңінен таныстырды. Шетелде алғаш рет көрсетілген «Ақбақайдың» тектілігі, сабырлы мінезі және ерекше болмысы көрермендер мен халықаралық сарапшылар тарапынан жоғары бағаланды. Тіпті, оның иесіне шетелдік азаматтар тарапынан сатып алу жөнінде ұсыныстар да түскен.

«Ақбақайдың» иесі Ағыбай Жасанбеков қазақ тазысы мен төбет өсірумен жиырма жылға жуық уақыттан бері айналысып келеді. Оның айтуынша, Манғыстаудан бір айлық күшік кезінде әкелінген «Ақбақай» бүгінде қоян мен түлкі аулауға машықтанған, түрлі жарыстарда шындалған тәжірибелі аңшы итке айналған.

Қазір екі жасқа толған тазының иесі

Балқаш қаласында қазақ тазысының тұқымын сақтап, көбейтуге арналған арнайы питомник ашуды жоспарлап отыр. Оның пікірінше, соңғы жылдары мемлекет тарапынан ұлттық құндылықтарға, соның ішінде, қазақ тазысына ерекше көңіл бөлініп келеді.

– Қазақ тазысы – халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан мәдениеті мен салт-дәстүрінің ажырамас бөлігі. Бұл тұқымды сақтап, болашақ ұрпаққа жеткізу – бәрімізге ортақ міндет, – дейді Ағыбай Жасанбеков.

Халықаралық фестивальдегі бұл жетістік қазақ тазысының әлемдік деңгейде танылып келе жатқанын және ұлттық мұрамызға деген қызығушылықтың артып отырғанын тағы бір мәрте дәлелдеді.

Өз тілшімізден

• ИМАН

Жүректерді жақындатқан Құрбан айт

Қарағанды қаласындағы әл-Машани мешітінде мұсылман қауымының ең қасиетті де қастерлі мейрамының бірі – Құрбан айт кең көлемде әрі ерекше рухани атмосферада аталып өтті. Таңның атысымен мешітке ағылған жамағаттың қарасы қалың болып, қасиетті мерекенің шапағаты қала тұрғындарының көңіліне қуаныш пен мейірім ұялатты.

Таңғы сағат 6:30-да айт намазы оқылып, жамағат Алладан ел амандығын, жұрт тыныштығын, халқымыздың бірлігі мен берекесін тілеп, дұға жасады. Айт намазынан кейін мешіт ұжымы ұйымдастырған ұлттық және спорттық сайыстар басталып, жамағат ерекше көтеріңкі көңіл күйге бөленді.

Мешіт ауласында өткен мерекелік шараларда садақ ату, қол күресі, арқан тартыс және қой көтеру секілді ұлттық ойындарға жастар да, үлкендер де белсенді қатысты. Әсіресе, жастардың ұлттық спортқа қызығушылығы көпшілікті қуантты. Жарысқа қатысушылар өзара бақ сынасып қана қоймай, қазақы рух пен бауырмалдықтың үлгісін көрсетті. Жеңімпаздарға арнайы сыйлықтар мен ақшалай жүлделер табысталып, мерекенің сәні арта түсті.

Құрбан айт – тек құрбандық шалатын күн ғана емес, ол мұсылман қауымының жүректерін жақындастыратын, адамдарды жанашырлық пен мейірімге тәрбиелейтін ұлық мереке екені бұл күні айқын сезілді. Мешіттің келесі бөлігінде қасиетті Құранның Кәусар сүресіндегі: «Рабың үшін намаз оқы, құрбан шал» деген аяттың мәні іс жүзінде көрініс тауып жатты. Жамағат құрбандық шалып, Алла разылығы үшін игі амалдар жасады. Бұл игі іске мешіт қызметкерлері мен



медресе шәкірттері де белсене атсалысты. Арнайы 150 бас қой дайындалып, құрбан шалуға ниет еткен тұрғындарға жан-жақты көмек көрсетілді. Құрбандық еті жағдайы төмен отбасыларға, көпбалалы отбасыларға және мұқтаж жандарға үлестіріліп, айттың негізгі мәні саналатын қайырымдылық пен жанашырлықтың жарқын көрінісі байқалды.

Мерекелік іс-шараның басы-қасында жүрген әл-Машани мешітінің бас имамы әрі Олжас Есенұлы атындағы медресенің жетекшісі Сайлау Мусин Құрбан айттың рухани маңызына тоқталды.

– Құрбан айт – мұсылман қауымы үшін ең ұлық мерекелердің бірі. Бұл күн адам баласын мейірімге, сабырға, бауырмалдыққа тәрбиелейді. Құрбандық шалу – тек мал сою емес, ол адамның Аллаға деген ықыласын, шынайылығын білдіретін үлкен құлшылық. Айт күндері адамдар бір-біріне ізгі тілектер айтып,

ағайын-туыс, көрші-қолаң және мұқтаж жандарға ерекше көңіл бөледі. Қоғамда мейірім мен бірлік артып, адамдардың жүрегі жақындай түседі, – деді ол.

Сонымен қатар, бас имам мешіт ұжымының биылғы мақсатының бірі – Құрбан айтты тек діни рәсім ретінде ғана емес, ұлттық тәрбие мен рухани құндылықтарды ұштастыратын үлкен мереке ретінде өткізу болғанын атап өтті. Оның айтуынша, мұндай іс-шаралар жастардың ұлттық дәстүрге деген құрметін арттырып, қоғамдағы ауызбіршілікті нығайтады.

Айт мерекесі мұнымен шектелген жоқ. Кешке дейін жалғасқан мерекелік шаралар келесі күні де жалғасын тапты.

Ақберен НУРТАЙ,
ҚарҰЗУ II курс студенті

Сурет Қарағанды облыстық «Әнет баба» мешітінің ресми сайтынан

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryaqsha Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӨБІЛДА

Директордың орынбасары
Станислав Альбертович ПЕСНЕВ

Директордың орынбасары
Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҰСАБЕК

Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН

Сайт редакторы
А.Ө. СОВЕТ

Жауапты хатшы
С.Б. ПЛИЯШ

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген ☑

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № КЗ18ВРУ00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 ғй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК КСВКZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 068
№56 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табак.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Жамал СОВЕТҚЫЗЫ**